

П И О Н Е Р



ДЕКАБРЬ

1948 ЖЫЛ

№ 12

ОБЯЗАТЕЛЬНО



БІЗДІҢ КИРОВ

«Уақыт озған сайын өмір сүру қызықты болып барады». Бұл тамаша сөздерді айтқан заманымыздың ұлы азаматы, Ленин мен Сталиннің жақын серігі — Сергей Миронович Киров еді. Сергей Мироновичтің өзі осындай қызықты, бақытты өмір үшін күресті. Миллиондаған адам



баласының арманы болған советтік өмірді ол өз қолымен құрысты. Бұл жолда ол Ленин мен Сталиннің сенімді серігі болды.

Сергей Миронович революциялық жұмысқа жас кезінен-ақ араласты. Зейінді, көп оқыйтын, саяси жағдайды тез аңғаратын жас Сережа патшалы Россиядағы саяси жағдайға тез түсінді, Ленинен, Сталинмен жолықты, олардың революциялық істерінен үйренді, бұл іске өзі де белсене араласты. Жұмысшыларды патшаға қарсы күреске шақырды. Бұл жолда ол патша үкметінен қуғын-сүргінді көп көрді. Бірақ Сергей Мироновичтің болат жүрегі ешнәрсеге жасыта алмады.

Елімізде Социалистік Октябрь революциясы жеңгеннен кейін Сергей Миронович жас Совет өкметін нығайтудың, социализм құру жолындағы күрестің шын жаршысы, ұйымдастырушысы болды. Партия, Сталин жолдас Кировты ең жауапты жү-

мыстарға жіберіп отырды. Киров партияның, Сталин жолдастың сенімін әруақытта да, барлық жерде де адал орындап жүрді.

Совет халқы еліміздің ұлы азаматын, Сталиннің сенімді серігі және шәкірті — Кировты шексіз сүйді. Сергей Миронович совет жастарының оқытушысы, қамқоршысы, досы болды. Жастарды ол, большевиктік гвардияның жаңа өсіп келе жатқан миллиондаған жас ұрпағы деп танушы еді.

Сергей Мироновичтің тамаша өмірі мен ісі — жастар үшін табандылықтың, саяси ұстамдылықтың, халықты, Отанды сүюдің үлгісі, тамаша мектебі болып табылады. Сергей Миронович қыйыншылықтың қандайынан болсын ешқашан бойын тасалаған емес. Оған батылдықпен қарсы жүрді, халықты жеңіске рухтандырды. Қорқақтар мен үрейленушілердің ұясын талқандады.

1934 жылдың бірінші декабрінде Сергей Миронович Киров троцкийшіл-бухариншіл зулым жаудың қолынан қаза тапты.

Партиямыз бен халқымыз үшін сол қайғылы күндерде А. Жданов жолдас жастарды Кировтың өмірі мен ісінен үйренуге шақырды. Киров өмірінен біз мәдениеттілікті, ұйымшылдық пен тәртіптілікті, большевиктік ұстамдылық пен іскерлікті, ерлік пен табандылықты үйренеміз.

УЛЫ ЗАҢ

Біз дүние жүзіндегі ең бай адамдармыз. Рас, біздің ешқайсымыздың қолымызда алтынымыз жоқ. Әңгіме алтында емес. Сталиндік Конституцияда: Совет елінде жер де, су да, ағаш та, кен байлықтары да, фабрикалар мен заводтар да, қысқасы барлық байлық-халық меншігінде, халықтың игілігіне жаратылады, деп жазылған. Біздің ең бай адамдар екеніміз, міне осыдан.

Патшалы Россия кезінде бұл байлықтардың барлығы ат төбеліндей аз ғана үстем таптың — капиталистер мен помещиктердің қолында болды, солардың пайдасына жаратылды. Қазіргі капиталистік елдерде де солай.

Балалар, сендердің күнделікті оқыйтын сабақтарыңның ішінде Конституция деп аталатын нәрсені бар. Бұл пәнді сендер аса сүйіп оқыйсындар. Конституцияны бүкіл халқымыз өте қадірлейді. Өйткені, ол совет елінің әділ заңы. Совет адамдарна

бақытты тұрмыс, сан алуан право, шексіз байлық берген осы әділ заң — Конституция.

Оны жазған дүние жүзіндегі ең асыл, әділ адам Сталин. Сондықтан халқымыз оны сүйікті Сталиннің есімімен атады.

Конституция бұдан 12 жыл бұрын 1936 жылы қабылданды. Конституция қабылданбас бұрын, оның Сталин жолдас жазған жобасын бүкіл халқымыз талқылады.

5-декабрь күні Советтердің Төтенше VIII-съезінде совет елінің жаңа заңы — Сталиндік Конституция қабылданды. Жаңа Конституция хурметіне халқымыз жыл сайын 5-декабрьді салтанатты мереке етіп өткізеді.



СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК
РЕСПУБЛИКАЛАР
ОДАГЫНЫҢ

КОНСТИТУЦИЯСЫ

ӘДЕЛЕТ ЗАҢЫ

Сталиндік Конституция халқымызға: оқып білім алу, еңбек етіп Отанымызды гүлдендіру, демалып денсаулықты жақсарту, Отан қорғау правоарын берді. Біздер халқымыздың жеткіншегіміз, советтің жас азаматтарымыз. Сондықтан мұндай қасиетті правоға біздер де ортақпыз.

Совет елінде балаларға не керектің бәрі бар. Жасөспірімдер Отанын, әкесі Сталинді шексіз сүю рухында тәрбиеленіп, білімді, дені сау, жігерлі болып өсіп келеді. Мұндай бақытты, қызықты балалық шақ басқа ешбір елде жоқ. Бақытты балалық шақ үшін әкеміз Сталинге шын жүректен алғыс айтамыз.



Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

ДЕКАБРЬ 1948 жыл

Шығуына 10 жыл

Звено жыйынында оқыңдар!

Қарапайым ұлы адам туралы

А. ЯКОВЛЕВ.

Сталин өте кішіпейіл адам.

Ол тым қарапайым киінеді. Сорыстан бұрын ол әдетте сұр френч, дұрысырақ айтқанда етек-жеңі мол, жүріс-тұрысқа қолайлы бешпент, сол түстес матадан жасалған шалбар мен әрі жұқа, әрі жұмсақ былғарыдан тігілген, аяққа жайлы жеңіл етік киетін.

Кісімен әңгімелескенде ол кабинет ішінде сабырлы пішіммен жай басып жүреді. Әңгімелескен кісінің сөзін көп бөлмейді, оның өз ойын аяқтауға мүмкіндік береді.

Жұмыста жауапкершілікті талап ету — Сталиннің бойындағы ең ерекше қасиет.

Мен мынадай әңгімелерге куә болдым. Жауапты қызметкердің біріне тапсырма береді. Тапсырма алушы:

— Сталин жолдас, мерзімі тым аз, мына жұмыс тым қыйын.

Сталин жолдас оған былайша жауап қайырады:

— Біз мұнда ауыр жұмыс туралы ғана сөйлесіп отырмыз. Тапсырма ауыр болғандықтан да сізді шақырып отырмыз. Сіз басқаны қойып, осы тапсырманы орындау үшін сізге қандай көмек керек екендігін айтыңыз да, хажетті мүмкіндіктің бәрін пайдаланып, істі мерзімінде орындаңыз.

Сталин өзінің сұрағына ешбір бұлтақсыз, қысқа, тура және айқын жауап қайтарғанды ұнатады. Әдетте ол кісімен тұлғаны кездескен адам оның сұрауына көпке шейін жауап қайырмайды, ұялып қалмау үшін әбден ойланған жауап қайыруға тырысады. Алғашқы кезде менің өзім де Сталин жолдастың кейбір сұрағына жауап берудің алдында өзімнен-өзім қысылып, сыйпазақтап, біресе терезеге, біресе жоғары қараушы едім.

Сол шақта Сталин жолдас күліп, былай дейтін:

— Сіз жоғарыға бекер қарайсыз, төбеде жазулы тұрған ешнәрсе жоқ. Онанда сіз тура қарап, ойыңыздағыны тура айтыңыз. Сізге қойылатын жалғыз тілек осы ғана.

Бір ретте мен тура қойылған сұрауға жауап беруге



Иосиф Виссарионович Сталин қызмет үстінде.

қатты қыйналдым — менің жауабымды Сталин қалай қабылдайды, менің айтқаным оған ұнай ма, жоқ па? — деп ойладым.


Ол осы ойымды сезе қойып, салмақпен былай деді:

— Сіз, өзіңіздің ойлағыныңызды ғана айтыңыз. Маған ұнағанды ғана айтпаңыз. Менімен сөйлескенде, ондай қылықтың хажеті жоқ. Менің ойымдағыны дәл табуға тырыссаңыз, біздің кеңесіміздің пайдасы аз болады. Сіз менің пікірімнің үстінен тура түспесеңіз, жамап болады екен деп ойламаңыз. Сіз мамаңыз. Біз сізбен кеңескенде, бір нәрсені үйрену үшін сөйлесеміз, тек қана үйретуді мақсат етпейміз.

Бірде Сталин былай деді:

— Егер өзіңіздің пікіріңіздің дұрыстығына әбден көзіңіз жетсе және сол дұрыс пікіріңізді дәлелдеп шығалатын болсаңыз, ішкімнің де пікірімен санаспаңыз, өзіңіздің санаңыз бен арыңыз нені бұйырса, сол бағытпен іске жірісіңіз.

Сталин сауатсыздыққа тіпті төзбейді. Оған сауатсыз жазылған документ кездесе қатты кейіп:



— Міне сауатсыз адам! Айыбын бетіне бассаң, табанда сауатсыздығын жұмысшы-шаруадан шыққандығына жабады. Бұл дұрыс емес. Бұл мәдениетсіздік, ұқыпсыздық. Әсіресе ел қорғау ісінде өзінің білімінің жетімсіздігін, өзінің техника тілін білмейтіндігін, мәдениетсіздігін болмаса жұмысты білмейтіндігін жұмысшы мен шаруадан шыққандығына жабу келісімсіз-ақ. Жаулар біздің шыққан төгімізге кешірім бермейді.

Аз кісінің қатысуымен шешілетін кейбір мәселені талқылағанда, Сталин қатысқан кісілердің барлығына да ойындағы пікірін толық айтуға мүмкіндік береді. Кейбірінің пікірін өзі сұрап айттырады да, сонан кейін қортынды жасайды. Ақырында қатысып отырғандардың біріне қағаз бен қарындаш береді де:

— Жазыңыз, — дейді.

Өзі бір бағалы документтің текетін жаздыра бастайды.

Бір ретте ол кісінің айтқанын маған жазуға тура келді. Бұл іске оның қалай қарайтындығын білгендіктен, мен аса зейін қойып, ешқандай грамматикалық хате жібермеуге тырыстым. Ол айтып жүреді де, бір кезде жазып отырғаныңызға сырт жағыңыздан көз салып, документтің қалай шыққанын байқайды. Кенеттен ол тоқтады да, жазылған қағазға қарап тұрып, менің қарындаш ұстаған қолыммен үтір қойды.

Екінші бір ретте мен сөйлемді дұрыс құрмапшың. Сталин былай деді:

— Сіздің бастауышты баяндауыштан кейін қойғаныңыз қалай? Сіз сірә бастауышпен қырын қабақсыз-ау. Былай болу керек! — деп өзі түзеді.

Осы оқығадан кейін мен орыс тілінің грамматикасын аса зейін қойып, бірнеше рет оқып шықтым. Ойды сауатты, дұрыс құрап жазуға Сталин жолдас аса зор мән береді.

— Кісі өз ойын сауатты және дұрыс қыястырып жаза алмаса, оның сондайлық жүйесіз, шапыранды ойлайтындығы. Ол тапсырылған жұмысты қалайша тәртіпке келтіре алады.

Сталиннің өзі де, оның төңірегіндегілер де жұмысты тамаша тәртіпмен істейді.

Мемлекет жұмысында Сталин жолдасқа көптеген кісімен кездесуге тура келеді. Ол жаңа адамдарды жақсы көреді, оларды сынап, білуді ұнатады, олардың әрқайсысына қандай тапсырма беруге болатындығын, қолынан не келетіндігін байқайды. Жұмыс жайында кенесіп отырғанның өзінде де ол кісінің әзілі, өткір сөзі бой көрсетіп отырады.

Сталин сөздері әрқашанда әдебиет мысалдарына қаныққан болып келеді. Ол кісінің зейіні ерекше таңдандырады — кейбір шығармалардан ұзақ үзінділерді сөзбе-сөз жатқа айтады. Ол Горький, Чехов, Салтыков-Щедринді аса ұнатады.

... Сталин кісімен кездескенде өте сыпайы, әңгімелескен кісісіне өте сүйкімді және мейірбанды. Өзіне шақырғанда әрқашан:

— Сіздің уақытыңыз бола ма? — деп сұрайды.

Болмаса:

— Жұмысыңызға нүксан келтірмей, қазір маған келіп кете аласыз ба? — дейді.

— Өбден болады, Сталин жолдас!

— Онда жылдамырақ келіңіз.

Алғашқы кезде, менің Авиацня өнеркәсіп халық комиссарына орынбасар болмаған кезімде, әрқашан мен кетуге ыңғайланғанда, Сталин бір сұрау қоюшы еді:

— Машинаңыз бар ма?

Бұл машинаңыз жоқ болса, жеткізіп салайын деген сөзі болатын.

Сталин Владимир Ильич Лениннің өмірі мен ісін әрқашан үлгі ете сөйлейді. Ол Ленинмен кездескендерін еске түсіріп отыруды ұнатады.

... Жұмыс бабында Сталин жолдаспен кездескен әрбір кісі тамаша мектеп тәрбиесін өтеді. Онымен кездескендегі әрбір әңгіме мәңгілік өшпес із қалдырады. Онымен әрбір кездескеннен кейін өзінің саяси жағынан да, іскерлік тұрғыдан да өсіп қалғандығыңды көресің.

Аударған Қ. ЕЛЕМЕСОВ


Майданда болды Сталин бізбен бірге...

А БЕДРЕННОВ.

Мақтанышпен
мен айтам,
Болды деп ол
Нак алдыңғы қатарда,
Айқаста қол.
Сталин! — деп
Атака салған кезде,
Айғай салды Уралап
даусымен зор.
Одан кейін
найзамен ұмтылғанда,
Гранаттар
доттардын
қаптап алдын

Біз көрдік дейді тағы
қаһармандар
Жүргенін
арасында
Солдаттардың.
Барлық жайда —
ұрыстан,
ұрыстарда,
Ол жүрді
Солдат етік
киіп шинель.
Солдатпен
Бірге ойлады ол,
бірге аттады,

Улдарын
тастаған жоқ
бір адым жер.
Біз де асықтық
Әр қашан,
тыным алмай,
Орындауға бұйрығын
көсемнің тез.
Қуандырды
көңілге қанат беріп,
«Сталин»,
«Жеңіс» деген
бізді екі сөз.
Аударған Ж. Саин.



ЖҮЗІНШІ ҚҰЛЫН

әңгіме

С. БАҚБЕРГЕНОВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Танаш күндегі әдетінше бүгін де ерте тұрды. Жылқының түнгі күзетінен таңертең ерте қайтатын әкесі келетін жаққа қарады. Шұғылалы нұр шашып, жаңа көтерілген күн сәулесі оны еркін қаратпай шағылыса түседі.

Ол әр күні ерте тұрып, әкесі келер жаққа қарағанда, ұзын құрықты, боз жорғалы кісінің Тебінді қырқасынан шыға келгенін көретін. Бүгін сол көрініс қыр басындағы бұлыңғыр, ертеңгі шықстан көтерілген бозша тұманнан көрінбей ме, жоқ, күн сәулесі басқан тұман ішідегі қарандаған сол әке ме? Көп қарады ол. Тұман серпіліп, Тебінді қырқасының басы анық көрінгенде, боз атты кісі де ғайып болды.

Боз атты дегені Қызылшоқы бауырына шөккен бозша тұман, ал үстіндегі қарандаған, тұман арасынан көрінген Қызылшоқының ұшар басы екеніне Танаштың күдігі болған жоқ.

Танаш өзінің алданған көзін алақанымен бір сүртіп, үй жанына келді. Бойын керіп, қолын көтеріп, бірнеше дене шынықтыру қыймылдарын жасады. Бұдан кейін өзенге қарай жүгіріп жетті. Өзенге келді де, беті-қолын, басын, кеудесін белуарға дейін салқын сумен жуып, күнге тотыққан қоңырқай денесін қайта-қайта ыспалап, әбден құрғағанша сүртті. Жұп-жұмыр білегін, жаңа ғана томпайып келе жатқан бұлшық етін, саусақтарымен шөңгелдеп, сығымдап-сығымдап қойды.

Анасы әдетті жұмысына кетті...

Танаш «көкем неге кешікті» дегендей белеске қарады. Бұл жолы ол, аяңымен емес, бозжорғаны теңселтіп асығыс келе жатқан әкесін көрді. Жай емес. Жайшылықта Бекен қарт бұлай жүрген еместі. Танаштың ойына анасының айта беретін бір сөзі сап ете қалды.

— Әкең жылқыдан жолы болмай қайтса, астындағы атын теріс қамшылайды, — дейтін ол.

Бекен құрығын сүйретпей, көлденең ұстап, атын теріс қамшылап келеді. Бұл жақсылықтың емес, жаманшылықтың белгісі. Мұндайда Танаш әкесі алдынан жайрандан шыға да алмайды. Не де болса күту керек.

Ең алдымен Танаш әкесінің қабағына қарады. Қабың қабағы түйіліп, көк бұрыл сақал-мұрты түксиген, жүзі күңгірт тартқан, ашу қысқан, іштей кейіген, бір жағынан шаршаған да түрі бар.

— Көке, не болды? — деді Танаш әкесі үйге кіре бергенде.

Бекен бұған жауап қатқан жоқ. Айна алдындағы столда жыюлы тұрған кітаптар арасынан кішкене ғана қойын дәптерін алып:

— Мұны да ұмытып кетіпшім, — деп, өз өзіне кейіп сөйледі.

Бекеннің бұл дәптерінде «Жеңіс» колхозының барлық жылқысының тағдыры бар. Мұнда әрбір жылқының жасы, кейбірінің мінезі, буаз биелердің тоқтаған мерзімі, құлындар кезі жазылған.

Дәптер аударыстырған әкесінің қасына Танаш та келіп, не дер екен дегендей күтіп тұр. Бекен қарт өз жазғанына өзі қабағын жыйырып, түйіле қарайды.

— Көзім жетпей тұр, жақыннап көре алмайтын да болыпшың, оқышы мына біреуді!

Танаш көрсеткен жерін оқып берді: «Тұмса қызылкөк бие майдың жыйырмасы күндері құлындауға тиіс».

— Тиіс деп жазыпшың ба?

— Тиіс депсіз.

— Ал, сол қызылкөк бие бүгін ұшты-күйді жоқ. Бір жерде шала құлындап, құлынын ілестіре алмай қалып қойды ма немесе, одан жаманын айтсам, құлындар кезінде қасқырға жем болды ма? Не өзін, не жемтігін таба алмай қор болып келдім.

— Көке, мен іздеп көрейін.

— Мен таба алмағанда — сен табарсың, мына таудың мен қарамаған қуысы қалған жоқ.

Бекен баласының сөзін елең қылған жоқ. Ал, Танашта әлі де болса жалына сұраған, әкесінің қыйналуына іштей толғанып, өтіңген түр бар. Қайталап сұрап, қайта жауап күтеді.



— Көке, мен іздейін!

— Іздейін деме, табайын де. Іздеуін мен де іздедім. Бекен шоқшыйған сақалын қолымен бір сыйпап отті де, астыңғы ернін қатты тістеп отыра кетті.

Жүрек қобалжыйтын да жайы бар. Өткен қыста қалың топтың ішінде қасқая сөйлеп, әр кім өзінше міндеттеме алғанда, менің қосар үлесім мынау деп айтқан аңты бар. Бұл — ұлы адам атына жазылған халта көрсетіліп қағазға түсіп, алысқа кеткен. «Бекен жүзінен жүз депті, бұл салмағы мен зілі бар серт» деген сөз таяу өңірге дабыра болған.

Әкесі көп алдына шығып, жай бастап, сенімді түрде сөйлегенде, босаға жақта осы Танап та отырған. Бекен сөзінің сертті жерін сеніммен айтқанда, «сен менің қолқанатымсың» дегендей көз қыйығын Танапқа аударып:

— Антым: жүзден — жүз, алдымдағы құлындауға тиісті жүз биеден — жүз құлын, — деген болатын.

Міне, соның тоқсан тоғызын аман құлындатып, үйірге қосып, әлдеқашан аяқтандырып жіберген. Бекен қарт үшін бірдің салмағы бәрінен де ауыр болатын жайдың бірі осында еді. Оның бержағында тұмса бие — қызылкөктің аман құлындап, қатарға қосылуы — аңттың ақырғы сөзінен кейінгі ноқат деп санаушы еді. Ноқат деген Бекеннің өз сөзі. Уәдесінде тұрмайтын, сөзі сұйық адамдарды ол «ноқатсыз сөйлейді» деп сөгетін. Түсінігі кем, сабағын білмейтін баланы «ноқатсыз» деп келетін. Сол қарт, бүгін сол сөзін өзіне айтты:

— Осыдан осы бие құлынымен табылмаса, антым, ақ қағазға жазылған сертті сөзім ноқатсыз айтылған болды. Танаптай, мен іздеуге кеттім. Не өзін, не өлігін табайын.


— Көке, мені де ала кет, мен де қарасамын.

Бала әке бетіне тесіле қарады. Әкесінің толғана сөйлеген сөзіне о да іштей ашынып, не де болса, бірге болып, қарасайын, қасында болайын деген түр білдіріп тұр.

— Жүр, мінгес артыма! Барған соң ат ұстап беремін.

* * *

— Жорғаға сені мінгізейін, жолың болар ма екен!?



Жақсылан қара! Антымның ноқатын сен тауып, орнына қойсаң жарағаның. Сонда сені мен де, көп те мақтайтын болады. Ең алдымен «Бекеннің Танапты ноқатты бала» деп айтатын болады.

Танап қызылкөк биені іздеуге аттапарда, Бекеннің ақырғы айтқан сөзі осы болды.

Бұл салқын. Таудан майдың қоңыр желі ақырын ғана есіп, жорғалы баланың бетін сыйпайды. Танаптың дөңгелекше жүзі, әдемі қара көзі гүлдей жайнап келеді. Ол алысқа, тау жыраларына, өзен сағаларына сұқтана қарайды. Түркмен кілемінің түгіндегі әдемі түске бөленген табиғат сұлулығы бала назарын аударта алмады. Ол көз алдына соңында кішкене құлыны бар, қызылкөк биені келтірді. Алақтайды, жан-жағына жалтақтайды, тізгінін тежей беріп, тың тыңдайды. Қайда бара жатқанын өзі де білмейді. Әйтеуір Бекеннің қара деген жағы осы.

Танап алдындағы көлденең жатқан аласалау белестен асып түсті. Белес асты өзен. Жағасы жайқалған құрақ, қамыс пен қоға. Бұл жерді Танап бұрын көрмеген. Меруерттей тап-таза, мөл-мөлдір өзен суы жылжый ағып, сүйкімді ғана сылдырайды. Жақын жерден кісінеген жылқы даусы естіледі. Ол жорғанын тізгінін тежеп тың тыңдайды. Шіңгірлемей созып-созып кісінейді. Танаптың білуінше бұл үйір іздеген жылқының кісінеуі.

Шамамен бағдарлап жөнелген бала құлындап тұрған қызылкөктің үстінен шықты. Шалалау туған жас құлын орнынан тұра алмай, бүктүсіп қана жатыр. Тұра қоймадың деп, жер тепсініп, қызылкөк құлын жатқан жердің төңрегін қазып тастапты. Танапты атымен құлыныға жуытатын бие емес, құлағын қайырып дүрсө қоя береді.

Танап бозжорғаны алысырақ байлап, жатқан құлыныға жаяу келді. Құлын жатқан жер сыз екен, жұқа бешпетін шеніті де, құлынының астына төседі. Мойнындағы қызыл галстугін сол жердегі ұзын бір шыбықтың басына байлады да, атына мінді. Тез жерге керек ауылға.

Артына жалтақ-жалтақ қарап, ауылға қарай шаба жөнелген Танап ә дегенше белден асып, көрінбей кетті.

* * *

— Күнім, — дейді әке баласының өсіп қалғанына қарамай, жас баладай құшақтап.

Әке ұлының маңдайынан сыйпап, арқасынан қағып еркелетеді. Бала әкесінің көкбурыл ұзын сақалын қолымен тарап, кеудесіндегі Ленин ордені мен «Орақ-балға» медалін аударып қарап, еркелейді. Әке құшағында баланың жүйе-жүйесі балқыйды.

— Ант соңына қойылған ноқат көртөбел құлыны болды, — дейді әкесі.

«Жүзден — жүз» деген қарт сөзі дабыра емес, шындық болғанына айғақтай-ақ оның көкірегінде алатын жұлдыз жарқырайды. Мәңгілік сөнбес жұлдызындай жарқырай түсіп, Танаптың бетіне нұр сәулесін түсіреді.

Жарастың әңгімесі



(С О Н Ы)

Ғ. СЛАНОВ

Суреттерін салған Ә. ХАЙДАРОВ

Екеуі тағы әлденелердің жайын сөйлесіп кетті. Мен электрмен тақтай тіліп тұрған өзіміздің қара баланың қыймылын көргенімде, тағы да көп-көп ойлар келді. Ұста дүкенін де, дүрменді де, ағаш шеберлерінің ісін өндіруші де электр қуаты. Бәріне жан салып, қан тартушы жүрек—электр станциясы. Станциясының машинисті Дмитрийдің не арманы бар екен? Барлық мотор тілін үйреніп шығатын Дәулет пен қара баланың не арманы бар екен?..

Осындай ойлармен тақтай тілген электр арасына көзімді алмай, аңырайып тұрып қалған екем. Дәулет менің осы қалпымды білсе керек, күле келіп:

— Аузыңды ашпа, Жарас! Үйрен! Өзің біл! — деді маған. Мен үйренуге уәде бердім, серт айттым.

Сарайдан шығып, Антоша қарттың қасында қалған жолдасым Манасқа келдім. Бағбан қарттан айрылып, екеуміз сол арадан үш шақырымдай жердегі ескі қалаға қарай тартқанымызда жаңа қала басынан бүгінгі көргендерім, естіген сөздерім тағы да ойымды бөліп келе жатыр еді. Мұхит ағай мен Кенбайдың әңгімесін толық ұғына алмай кеттім. Әйтеуір, екеуі де — «ағаш, ағаш» деді. Оны қайдан алмақ. Аспан көлмен, Көкдолымен арызамыз дейді? Қалай арызады? «Тасегеннен аламыз» дейді? Ол қайда?.. Кімнің жері?..

III.

Сол күні кешке, Ханбибі апай біздің үйде болды. Ол, менің тәтем Қатирамен бірге оқыйтын. Екеуі жұбын жазбаушы еді.

Манас та менімен бірге география сабағынан емтиханға даярлануға келгенді. Қыстай жақсы оқыған едім. Сондықтан емтихан кезінде қыйналған жоқпыз, басқа пәннің бәрінен өңкей «төрт», «бес» деген бағамен өткізгенбіз. Ақырғы қалған география болатын. Бесінші класқа арналған география кітабынан керекті жерлерді ғана бірге отырып оқып шыққаннан кейін, біздің колхоз тұрған ауданның картасын алдымызға жайдық. Ойымыз — Мұхит, Кенбай ағайлардың мананы әңгімесіндегі Тасегенді қарау.

Отырғанымыз — Қатира екеуміздің «оқу кабинетіміз». Стол үстінде керосин шам жанып тұр. Біздің үй үш бөлмелі болатын. Соның бір кішкенесін «оқу кабинеті» еткенбіз. Қатира быйыл тоғызыншыны бітіреді, мен бесіншіні бітірем. Екеумізде де сабақ көп. Соны біліп апам екеумізге бір бөлмені арнап бөлген ғой. Бөлменің қақ төрінде үлкен стол тұратын. Оның тұсында Сталин атамның портреті. Столдың бір ше-

тінде менің кітаптарым, дәптерлерім жыйнаулы тұрады. Ал, Қатираның бұрышында этажерка бар. Оның кітабы қандай көп, этажеркаға әрең сыйып тұр. Бөлмеде үлкен карта ілулі тұратын. Ол карта дүние жүзінің бәрін көз алдымызға келтіреді. Бөлменің маған арналған бұрышында үлкен глобус және бар. Оның бәріне көзіміз үйреніп болған. Бізге бүгінгі керекі Тасеген. Мұхит ағайдың айтуынша, ол қалың орман. Картаны ортаға алысымен орман белгісін тауып алдық. Карта бетінен, енді сол белгімен орманды іздей бастадық.

— Мына біреу не?

— Тау белгісі...

— Дәл осы кезде, үлкен бөлмеде отырған Қатира мен Ханбибі апай біздің кабинетке кірді.

— Іздеп жатқандарың не? — деді Ханбибі.

— Тасегеннен ағаш аламыз дейді. Соны іздеп жатырмыз.

— Бері қараңдар. Міне, мынау ғой Көкдолы, — деп апай сұқ қолын карта бетіне жүгіртті. — Ол таудан келеді. Сол өзеннің мына ирегімен жоғары өрлейік. Міне тау. Биік таулар... Мына бір жазуды оқыңдаршы... Қақпа тас. Дұрыс. Ал, мына бір көгерген не? Аспан көл. Қош. Осының айналасында, тауға өрлей созылған мына белгілер ше? Тасеген деген орман сол. Біздің ауданның жайлауы да сонда ғой. Жайлауға барған жоқ екенсіңдер ғой. Ал, Үкілі тасты естіп пе едіңдер?..

Рас, Үкілі тасты естігенбіз. «Үй орнындай үлкен дөңбек тас бар. Тасты жарып шырша шыққан. Түбінде бұлағы бар» дейтін айтушылар. Ханбибі апай оны да картадан көрсетіп берді.

Біз естіп картаға үймелеп жатқанымызда, ойпақтап Еркежан келді. Ол менің қарындасым. Жасы жетіге толған жоқ. «Мектепке қашан барам?» деп біздің мазамызды алатын. Оның тілі қызық. Өткен жылы мен: «Оқығың келе ме?» деп сұрағанымда, іштеңе оқый білмеймін ғой, мен мектепке қалай барам?» дегені бар. Сонсоң: Ә, мектепте оқу үшін әліппені білу керек» дедім де өзім үйде оқытып, оған әріптерді танытқанмын. Қыстыгүні атқа қарап тұрып: «Байпағы жоқ, аяғы қалай тоңбайды?!» деп шек-сілемді қатырғаны да бар еді. Біздің үйдің сол еркесі келе Ханбибі апайдың ыйығына асыла кетті:

— Тәте, біздің колхоз мұнда жазулы ма? Қанекі. Апай карта бетіндегі бір ноқатты нұсқады:



— Жазуын оқышы қапе! Оқый алмайтын шығарсың.

— Оқыймын! — деп Еркежан мақтана сөйлеп, жазуға төнді: — К-к-е... Бе...н — кең. Ор-и-рис... Орис...

— Тұтас айт.

— Кең орис...

— Кең өріс, де.

— Ориси кең...

— Өрісі кең десең де бәрі бір. Өрісің кең. Сенің өрісің, қалқам.

— Өріс деген не, тәте?

— Өріс деген келешек. Сенің үлкен болатын шағың. Апайдың «өріс, келешек» дегенін жете түсінбесе де, «үлкен боласың» дегені мыйына қона кетті ғой деймін, ол:

— Мен қашан үлкен болам? — деп тұлымы жібек талындай сусыл қағып Ханбибінің жүзіне жалт қарады.

— Енді он жылда үлкен боласың.

— Түу, көп екен ғой...

— Ұзақ емес ол, қалқам. Бесжылдық бес жасқа толғанда, сенен көрікті жан болмайды.

— Бесжылдық деген жас бала ма?

— Я, жас бала. Өзі зор. Тауды арқалап басқа жерге көшіреді. Сусыз жерге өзен ағызады. Бізге көп-көп үй салады.

— Үлкен екен.

— Үлкен болғанда қандай! Бесжылдық келген сайын сен үлкейе түсесің. Бесжылдық бізге көп қала береді. Көп шам, көп самолет, көп нан, мал береді. Өте күшті, өте биік бала.

— Ол кімнің баласы, тәте?

— Бесжылдық па? Ол Сталин атамның баласы, Еркем.

Еркежан төрдегі көсем келбетіне жалт етті.

— Сталин атамның баласы көп екен ғой. Біз де баласымыз, дейді апам. Бесжылдық та баласы...

— Я, қалқам, — деді Ханбибі апай, — бәріміз де

сол кісінің нөмере, шөберелеріміз. Ол кісі дүниедегі адамның бәрінің қамын ойлайды.

— Ойлап тұр... Мына картаға да қарап, ойлап тұр... — деп Еркежан көсем көркіне құмарта қарайды. Бәріміз де Сталин атамның портретіне бір-бір қарап алғанда, вожатый Ханбибінің әлгі сөздері көкейімізге қона кеткендей еді.

Бұдан кейін, біз Манас екеуіміз апайға өз сұрауларымызды бердік. Әңгіме таудағы орманды алу тақырыпты еді. Бағанағы Мұхит, Кеңбай ағайлардың әңгімесіндегі түсіпбей қалғанымды мен Ханбибі апайдан білдім. Әңгіме мынадай екен: Жаңа қаланың үйлерін сәндеуге, астына еден-төсеуге, төбесін жабуға да, терезе ағашып жасауға да тақтай керек. Біздің Кең өріс малды колхоз. Қойының өзі он мыңға тартады, дейді. Жаңадан тұрғызылған мал қораларына да ағаш керек. Қаншама жабдық, саймандар да ағашсыз бітпейді. Үй-үйдің бәрін электрлендіріп, алыстағы мал фермаларын жөндеуге де ағаш керек. Сол мақсатпен өзіміздің ауданның тауындағы тегін жатқан орманды пайдалану керек. Оны қалай аламыз? Тауға жол салып, сол арқылы тасу керек. Оған дейін орманның етегінен жаппап өтіп, тап біздің ауылдың қасына келетін Көкдолы өзенімен ағызу керек. Ағайлардың «ағаш, ағаш» деп қыза сөйлескендері де соның жайы екен. Ал, бағана Антоша мен Мұхит ағай аңшы қарияны асығып күткенде, оны Тасегеннің қары кетті ме екен деп біліп келуге жіберген екен ғой. Осылардың жайын білген соң үлкен кісілердің істері, сөйлеген сөздері де үлкеннен келетінін ойға жүгіртіп тұрып, мен:

— Үлкен кісілер қандай жақсы? — депшін. Ханбибі апай:

— Үлкеннің де үлкені бар, — деді, — бәрі өңкей жақсы бола бермейді. Жақсысынан үйрен, жаманынан жирен...

IV.

«Үлкен кісілердің жақсысынан үйрен, жаманынан жирен» — деп өз дәптеріме жазып та қойдым.

Сол рас. Мысалға Мұхит ағайды алайық. Ол өткен жылы ғана Отан соғысын аяқтап, елге келген. Келгенде, ол жаралы еді. Жайлауға шығып, дем алып жүріпті де, ол иесіз жатқан тау орманын аралапты. Өзінше есептеп: «бір аймақтың еліне ғасырға жететін қазына» деген түйінге келіпті. Сол пікірін газетке жазған екен. Сонан кейін орманда болған зерттеушілер, «Тасегенге жол салып, елдің игілігіне асыру керек» деп тауыпты. Анау күні Мұхит ағай колхозшылардың жалпы жыйылысында: «Тасегенге жол салу бір ауданға ауыр жұмыс, облыс колхозшыларын шақырсақ қайтеді?» деп еді. Ағайдың сол ұсынысын біздің колхоз ғана емес, аудан еңбекшілері түгел қостапты. Жақында облыс тағы барлық колхозшыларға біздің ауданның жазған ашық хаты газетке басылып шықты.

Мұхит ағайдың бір ауыз ұсынысы осындай үлкен іске айналды. Жақында ғана бір облыстың колхозшылары Тасеген орманына жол салуға аттанды.

Оқу жылы аяқталды. Жоғарғы класс оқушылары да таудан жол салушыларға болысуға кетті. Біз жасы кіші пионерлер Жаңа қала басындағы құрылыс ісіне болысып жүрміз. Біріміз мәдениет сарайына керекті кесек соғуда ат айдап, оны-мұны ұсақ істерге болысамыз. Бір тобымыз бағбан Антоша картпен бірге көше-көшеге тал ектік. Қазірде кепкеп кесекті мәдениет сарайы мен жаңа мектеп тұрғызылатын жерге тасуға жәрдемдесіп жатырмыз. Біз еккен тал көктеп, бой салды. Жаңа қаланың көшелері қыймылға толулы. Таудағы орманнан Аспанкөл арқылы түсіріліп, Көкдолы өзенімен ағып келген ағаштар тілініп жатыр. Бір тұста, темір жол станциясынан жүк тасып өзіміздің машина, арбалар келіп-кетіп жатыр. Енді, көп кешікпей біз Жаңа қаланы орнатып боламыз. Осы істердің бәріне басшылық етіп жүрген Мұхит ағай. Біз оны қадірлейміз, үлгі-өнеге тұтамыз. Үлкен кісілердің бір жақсысы міне, сол ағай. Ал, Ханбибі апайдан сағат сайып үлгі аламыз. Бұлардан біздер үйренеміз.

Біз жиренетін біреулер де бар.

Кең өрісте Сатқын деген бір кісі бар. Өзі бұрын қой фермасын басқарған екен. Ісін ұқсата алмай орнынан түсіріліпті. Сыртқы сыйпаты да келісті кісі емес — көзі жыламсыраған баланың көзіндей, бастауыш класс баласының ебетейсіз қойған сұрау белгісіндей претілген жіңішке, имек бойлы адам. Сол кісімен жұмысты біз қатар істейміз. Басқан қадамын біліп жүрміз, жұмысқа ешбір ықыласы болмайшы. Анау күні бірде, Сатқын көшеде Мұхит ағайды кідіртіп тұрып бір қағаз ұсынды. Сұрастыра келсек, ол кісі жоқты сылтау етіп, дәрі-дәрмек алған рецептерін ұсынған екен. Сондағы ойы — жұмыс істемеу. Бір емес, еңбек студент қашқалақтап, жыланып жүргенін одан соң да көрдім. Үлкендердің бәрі де Сатқынды қалжың етеді. Ол туралы қабырға газетінде мысқыл өлең де басылды:

— Ипелік, ипелік,

Ипелікке тимелік...

Ұшады, қонады,

Бір кетеді, бір келіп.

Қыңқылбай — күйреуік,

Күйреуікті түйрелік...

Қазір Сатқынды біз Қыңқылбай атап кеттік. Расын айту керек, ондай бала біздің арамызда да болды. О да тап әлгі Сатқын сыяқты жіп-жіңішке, сұрау белгісіндей имитен Төлеш деген бала еді. Сатқынды Қыңқылбай атандырған мысқыл өлеңді оған әрқайсымыз бір айтып «Қыңқылбай № 2» деп атандырып едік. Төлеш соңғы әзірде түзеле бастады.

Бүгін біз ерте қыймылдағанбыз. Бұл қыза жұмысты доғардық. Қыздар тобын басқаратын Сүмбілшаш, біздің топты басқарушы Артыққа келіп тұр.

— Бүгін біздің топтың тасыған кесегі... деп ол кідіріп қалды да, қайта жазылып, нобайы жеті жүз сексен, әрқайсымыз елу екідеп тасыдық. Сіздердің қанша тасығандарыңды білсем, деп келдім.

Артық мүдіріп қалды. Себебі еркек балалар тобының түске дейінгі ісі қыздар тобынан өнімсіз болуы керек. Ханбибі апай күліп тұр:

— Айт, Артық!

— Айтатын пәсі бар... Біздің әрқайсымыз бүгін кемінде алпыстан тасыған шығармыз...

— Шығармыз емес, дәліл айт. Бәрі қанша?

— Бәрі ме? Төрт жүз тоқсан бес... және бес жүз...

— Тоғыз жүз де тоқсан бес. Жыйырма бір бала барсыңдар. Қаншадан келгені?

Артық ұялып қалды. Есебін өзі шығарып қойған болу керек. Қыздар тобының бүгінгі бір кезекте еткен еңбегі басым шықты. Онбес қыз жеті жүз сексен кесек тасыпты. Ал, біз жыйырма бір баламыз. Әрқайсымыз елуге жеткізе алмаппыз.

Өз тобының озықтығына көзі жеткен соң, Сүмбілшаш бізді ажуалай сөйледі:

— Қыңқылбай сізде көбейе түсті деңіз? — деп ол күліп жөнеле беріп еді, Ханбибі апай оны дауыстап тоқтатты:

— Ас ішіп болыңдар да, волейбол алаңына келіңдер. Отряд түгел осында жыйналады. Мұхит ағайды сіздермен әңгіме өткізуге шақырдым...

Мұхит ағайдың әңгімесін талай тыңдағанбыз. Ол кісі әңгімені жақсы айтады. Бәріміз де қуанысып, асқанаға асыға жөнелдік.

V.

Шаңқай түстің шағырмақ күні шыжғырып тұр. Жаңа қаланың жаппақ жайған шегіршін, жас теректерінде көлеңкелеген торғайлар шыр-шыр әндетеді.

Жұрт тыныста.

Алаңда волейбол тор көзі құрулы. Бір тобымыз доп ойнап жатыр едік. Анадәй жерден бізге төтелеген Мұхит ағай көрінді.

— Алақай, ағай келеді...

Ойынды тастап, ағайды коршадық.

— Бүгін не сөйлессек екен, ә, болашағым?

Ол кісі бізді «болашақ» деп атайтын.

— Апада, «болашақ» әңгімесін айтам деп едіңіз ғой.

— А-а, дұрыс. Ұмытпаған екеңсіздер. Өте жақсы.

— деп Мұхит ағай ойлана күлімдеп, Жаңа қаланың шығысына қарап алды да, — мына екі өзеннің атын



білесіндер ғой... Дұрыс. Біреуі Сенгір, біреуі Көкдолы. Ал осылардың ағысы қалай? Қалай қарап ағады...

Манас жып етті:

— Екеуі де біздің елдің төріндегі көлге құяды, бастауы арғы бет, бөтен ел...

— Әбден дұрыс, — деп Мұхит ағай, төңірегін шолып, шалғынға отыра кетті, — отырындар, қане. Көк ұлпа жақсы кілем... Ал, жақсы. Бұл екі өзен де арғы беттен шығатын болды. Біздің елдегі көлге келіп құяды. Қоп осында қандай мағна бар? Өзен ағысы. Демек жер-жерден шыққан өмір ағысы біздің Отанға келіп құяды. Бар арман біздің елге қарап ағады, Ал, сіздер ше? Өздерің кімсіңдер? — Болашақ. Еліміздің болашағы.

Мұхит ағай бізге болашақ туралы, салынып жатқан Жаңа қала жайында қызықты әңгімелер айтып берді.

Сол мезетте аспанның әр жерінен шыққан қоңыр бұлттардың тұтасып келіп қалғанын көрдік. Сыңғысып алған бөлек қою бұлт құрылысшыларды тез үйірген еді. Бірі сабанға, бірі басқа жабындыға жүгіріп жауынның хауып-тосқауыл жасап үлгерісті. Біз солардың ортасында жүрдік. Несерлі өткірші желдетіп, Жаңа қаладағы жас талдарды майыстыра, күйіп өте шықты.

Күн қайта дөңгелеңді.

Жұмыс та басталып кетті. Бір жерде ағаш тілген ара дырылдап, бір жерде шыбыртқы шартылдайды. Өкелген жүгін түсіріп машиналар парылдап өтіп жатыр...

Күндегі әдетім бойынша, әр берден соң, мен колхоз ендірісінің жүрегіне соқтырған Дмитрий мен Дәулетке кеттім.

... Осыдан кейін екі жыл өткен соңғы Жаңа қала салтанатын көруге көз керек еді! Күнді түн, айды ай

қуып, біздің өмірді алысқа апарғанын алғармапшы. Уақыт деген жүйрік-ақ емес пе? — Зымырап өте беріпті, біз өсе беріпміз, өсе беріпміз. Қазір колхозшы басына төрт-бес бөлмеден үй. Радио, Ильич шамы керек пе, ванна керек пе? — әр үйден табылады. Осыларға сым жалғауда мен Дәулетпен бірге қолма-қол қызмет еттім. Енді монтер болуға да, машинист болуға да әзірмін. Жетінші класты бітірдім, жасым онбеске кетті.

Бүгін Жаңа қала көшесінде ел көп.

Көше бойын келеңге жайған сұлу ағаш. Терезелері күнге караған бір өңкей ақ үй.

Шығыс жақ шетте шалқар бақ. Бақ ішінде зәулім биік ақ сарай тұр. Сарай алды шүмектеп атқан фонтан, қызыл-ала гүл. Сарайға жалғас тағы бір зәулім үй. Ол біздің мектеп.

Жан-жақтан дүрілдетіп меймандар келіп жатыр.

Бүгін біздің Кеңеріс колхозының Жаңа қаласын орнатып болған тойы. Сол қызықтың қысқартылған ортасында біз де жүрдік. Манас екеуіміз колхоздың таңдаулы адамдары Антоша, Дәулет, Дмитрий, Кеңбайлар қатарында сыйлыққа да ие болдық. Біз екеуіміз сыйлық алып шыққанда, Ханбибі апай арнап келіп құттықтап, қолдарымызды қысты. Апай менің тәтем Қатира екеуі ауылдағы он жылдықты бітіріп, астанадағы қыздар институтына түскелі бір жыл болып еді. Кеңерістің тойына ол екеуі де арнап келген екен. Салтанатты мәжіліс аяқтала бергенде, пионерлер қосылып тұрып Сталин туралы әнді айтып едік. Оған жалғас оркестр гимн тартты. Оркестрмен қосыла біз «Жас пионерлер жырын» шырқадық.

Біздің даусымызға музыка сарынын қосып оркестр ойпағанда, зал іші бар елдің тілімен, бар аспаптың үнімен ескен күйге ұйыды.





Қаһарман ҚАРТ

(Талдықорған облысы, Киров ауданы, Калинин атындағы колхоз-дың қант қызылшасының бір гектаршысы Байсары Түрікпенов туралы)

Ө Л Е Н

Ф. ДИНСЛАМОВ

Шалдық деген сөз бе екен,
Шаттық бойын кернесе?
Шалмын дейтін кез бе екен,
Озып бәйге бер десе?

Батырды батыр демей ме,
Жауға кірсе именбей?
Жаманды барға теңей ме,
Жанын бақса күйбеңдей?

Қыбы келген жем үшін,
Қыяны қыран елей ме?
Еңбек еткен ел үшін,
Ерлерді адал демей ме?

Жете тыңда, жас достар!
Жетпіс бесте жасы бар
Байсарыға арналып,
Жырдың беті ашылар:

* * *

Жас шағында жарлылық
Жарым жасын кеміткен,
Адал еді, ар-намыс
Адал жанын еріткен.

Колхоз күні күлімдеп,
Туғанда көк жиектен,
«Көкірек ашқан күнім» деп,
Қуанды шын ниетпен.

— «Жеткізген жанды кең іске,
Көсемім, күнім Сталин!
Жетуге ұлы жеңіске
Туыңды берік ұстадым».

Деді дағы езгі қарт,
Араласты еңбекке,
Жастарға және қойды шарт,
Еңбекте озып жеңбекке.

Қайда жүрсе қатардан,
Қалыспады қартпын деп
Қажытпады қатал жан,
Енді егде тарттым деп.

Тоқтығын тұлпар елемес,
Шабар жері келгенде.
Жақсы жан жатқан бір белес,
Көңілің өсер көргенде.

Тәтті өмірді, өң берер,
Татып көрген езгі қарт.
Бұл тәттіге тең келер,
Тәттілерден деді қант.

Тіліңнен дәмі кетпеген,
Түбі тәтті — қызылша.
Ерлік еңбек, еппенен
Жапырақ жарар ұзынша.

Баласындай балдырған,
Бөкең соны өсірді.
Қарасаң қайран қалдырған,
Қызылша болды өсімді.

Ат басындай аумағы,
Ауыр тартты салмағы.
Қарт қыранша таудағы,
Қанат қақты, самғады.

Елді сүйсең жаныңдай,
Сүйінерсің сен дағы.
Еңбек етсең жалыңдай,
Еркін өсер ел бағы.

Әділдік пен жауыздық
Ежелгіден ел емес.
Ел ертеде аңыз ғып,
Ертеке болған бұл кеңес.

Күндердің күні болғанда,
Жыбырлаған жыландай.
Гитлер қолы қозғала,
Елге төнді ылаңдай.

* * *

Кекке тиіп тажалдар,
Қаһарланды халқымыз.
Тажалдыққа ажал бар,
Қашанғыдан салтымыз.

Шалдыққан адам ер ме екен,
Кәрілік кейде жеңсе де.



Қайраттанды ер Бөкең,
Жетпіс жасқа келсе де.

Ел үшін деп еңбек қып,
Кетпеннен мылтық асынды.
Қызылшадай теңдеп күт,
Майданға деп тасыды.

Көп боп көмек берген соң,
Құрыды жаудың сілесі.
Сол жеңіске күйған сом,
Қарттың да бар үлесі.

* * *

Сан хауіптен сақтаған,
Сталин — елдің сенімі.
Сан жерде сертін ақтаған,
Сталин — Ленин серігі.

Қамын ойлап халықтың,
Ел керегін шешуге.
Тұлғасындай алыптың,
Жоспар сызды өсуге.

Отанын сүйген қандай жан
Бұл дабылдан сырт қалмақ?
Жетті үндер шалғайдан,
Жұмылып істе жұрт самған...

«Үшінші жылын жоспардың
Қуанышпен қарсы алып.
Тонналап қант қосқаным»,
Дейді кәрия жар салып.

* * *

Ақ сақалы желпілдеп,
Алдымда отыр сол Бөкең
Адал жаны елпілдеп,
Ақыл шертед бейне әкем.

Халқын сүйген бабамның,
Қалған мұра көзіндей,
Я бір дана адамның
Айтқан өсиет сөзіндей...

Қас қақпастан қадалып,
Тұрғандай Отан шетінде,
Жас баладай таңданып
Қарай бердім бетіне...



Өнерлі еткен өмірі

О Ч Е Р К

М. ӘЛІМБАЕВ

Оның бөлмесіне кіргенінде, сұр айналды. Әкелген балшықтан бір саз балшықтан жасалған көп мүсіннің ішінен біреуі ерекше көз тартады. Қолында желбіреген туы бар, астына өзіне сай жүйрік ат мінген батыр қолбасы жартастың үстінде өрге ұмтыла шапқан бойда артындағы сансыз әскеріне «Менен қарыс сүйем қалма, алға ұмтыл!» — деп тұрғандай. Батырдың қаһарлы жүзінен берік сепім байқалады.

Бұл — қазақ халқының батыр ұлы Аманкелді Иманов.

Міне екінші мүсін: салтатты совет жауыпгеріп сұңғақ бойлы қазақ қызы қарсы алып, гүл ұсынып тұр. Бұл мүсін «Жеңімпазды қарсы алу» деп аталады.

Екі шығарманың екеуі де өмір шындығын дұрыс түсінгендікті, халық тұрмысын жете білгендікті және үлкен шеберлікті көрсетеді.

Сен сұқтана караған сайын, мүсіндер өзіне тарта түседі. Көрген жаннның бәрі риза. Бұларға бір-ақ адамның көңілі көншімейді. Ол — осылардың авторы, Харьков сурет институты мүсін өнері (скульптура) факультетінің студенті Хакімжан Наурызбаев.

— Бұл мүсіндер әлі де болса көбірек ізденсем, жақсырақ болып шығар ма еді? — дейді ол.

Хакімжан қазақ халқының тұңғыш скульпторы. Оның өмірі де, көркемөнерге келу жолы да қызық.

II.

1937 жыл. Бір күні Сибирьға селосының адамдары құдық қазды. 12 жасар Хакім өзінің достарымен бірге құдық басына келді. Сыбағызыған май саздың бетінде адамдардың іздері қалып жатты. Бұл іздер Хакімге жаңа ой салды: «Балшықтан адамдар мең хаюандар мүсінін жасауға болмас па екен?» Саты астындағы бұрыш Хакімнің «мастерскойына»

мүсін құймақ болған ол, әуелде не жасарын білмей, көп отырды. Жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап отырған баланын ойына өзінің иті — Ақтөстің мүсінін жасайыншы деген ой келді. Өйгеуір бір иттің келбетін жасағанмен, Ақтөсіне ұқсамады. Бірақ та сәтсіздік оны мойытпады, жігерлендіре түсті. Ақтөстің мүсінін бірінен соң бірін салды.

III.

1939 жыл. Хакім Ұзынкөл ауданының (Қостанай облысы) Ершовка мектебінің 6 класына оқуға түсті. Бір күні ол дүкенге барды. Дүкенде Ленин мен Сталин жолдастың бюстілері бар еді. Қызыққан Хакім қолына алып, олай қарады, былай қарады. Ешбір мінсіз құйылған сұлу бюстілер адамның қолымен жасалмаған шығар деп ұйғарды. Оның ұғымы бойынша балшықты ерекше қалыпқа салып машинамен құятын шығар...



Аманкелді

Бірақ бір мүсіннің бұрышы болар-болмас жарылған екен. Көтеріп қарағанда мүсіндердің іші қуыс екен. Адам саусақтарының ізін көрді. «Я, бұны да адам жасаған» — деген оймен үйге жүгірді. Балшықты езіп даярлап болған соң, бір адамның суретін жасауға кірісті. Кенеттен бір жол өлең орала кетті:

«Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес»...

Пушкин, данышпан Пушкин! Ол өзінің қолындағы сүйікті ақынының суреттерін столға жайды. Бірімен бірін салыстырды. Пушкинге тән ерекшелікті өзінше түсіндім деген кезде, іске кірісті. Бірақ бұл да сәтсіздікке ұшырады.

Мүсінді бір күнде жасап бітіруге болмайды. Ертеңге дейін балшық кеуіп кетеді. Не істеу керек?

Хакім неде болса сол күнде бітірмек болды. Аяқталған мүсінді күн көзіне келтіріп көріп еді, балшық шатынап жарылып сынып қалды. Пеш салатын адамдардан да ақыл сұрады. Сәті түспеді. Бір күні балшық құйып отырғанда, үстіне салық жыйнау агенті И. Костюк келді.

— Не істеп отырсың?

— Балшықтан құйып мүсіндер жасамақпын. Бірақ, балшық жарыла береді, — деп жауап қатты Хакім реніш білдіріп.

— Сен, әкенді Мокроєға жібер. Ол арада құмыра жасайтын жақсы саз бар, — деді Костюк.

Әкелінген жаңа саздан балшық илеп мүсіндер жасауды бала қайта қолға алды, бұдан да іс шықпады. Мүсіннің ішкі қабатын тегістеу қиынға соқты.

Өйткені Хакім мүсіннің ішіне қатты зат салатын. Сыртын жасап болған соң, ол заттарды суырып алып тастап, ішін тегістейтін. Ішкі қабырға икемге көнбей, омырылып түсе беретін.

Бұл Хакімді көп ойландырды.

Ой жеткенге қол жетер: Суретші айласын тапты.

Хакім енді салатын мүсінінің қалпын «соқты». Қапшық тігіп, оны құмға толтырды. Бұл қапшықтың сыртқы формасы ойланған мүсіннің ұзынырғасы болатын. Одан кейін Хакім оны балшықпен сылай бас-

тайды. Мүсін енді болды деген кезде кептіреді. Қашшықты жарып, құмын төгеді. Қашшықты мүсіннің ішінен суырып алып тастайды.

Осы әдіспен Хакім Ворошиловтың, Горькийдің және Жамбылдың мүсіндерін құйды.

Бұл еңбектерін Хакім мектептегі оқытушыларына және жолдастарына апарып көрсетті. Көрушілер бір ауыздан:

— Ұқсайды. — деп мақтады.

Хакім шығармаларын өз мектебіне тарту етті. Бүндер өтіп жатты.

— «Ипоперская правда» да ба-сылған хабарландыруды, Хакім, сен оқыдың ба? — деп сұрады бір жолдасы.

— Жоқ, ол не хабарландыру?

— Балаларды көркемөнерге тәрбиелейтін Москвадағы орталық үй сырттан кеңес беруге оқушылар қабылдайды екен...

Әке-шешесі ақыл берген соң Хакім кешікпей-ақ өтінішін Москваға жіберді. Жауап тез келді. Хакім қабылданған екен.

Қағазға салған суреттерін Москваға жіберіп отырды. Москвадан жиі-жиі кеңестер мен тапсырмалар келетін еді.

IV.

1942 жылдың жазы. Қазақ ССР Министрлер Советінің председатели Оңдасынов жолдас қызмет жөнінде Ұзынкөл ауданында болып, мектептерді аралады.

Хакім мектепке шақыру мен келді.

— Мынау сіздің шығармаларыңыз ба?

— Я, менікі.

— Оқуға барғыңыз келе ме?

— Қандай оқуға?

— Саздан осындай мүсін құюды үйрететін оқу.

— Бұған да оқыта ма? Маған ешкім үйреткен жоқ, мен өзім жасадым...

Оңдасынов жолдас Хакімге мүсін өнері туралы әңгіме айтты.

Ұзамай-ақ Хакім көптен бері көруге кұмартқан астана Алматыға келді. Петкен сұлу қала! Ол бәріне тандана қарады. Жас талапкер Алматы суретшілер училищесіне студент болып кірді.

Ол кезде соғыс жылдарында, ба-

тыстан келіп, Алматыда қызмет істейтін ғалымдар, көркем өнер шеберлері көп болатын. Солардың арасында москвалық, ленинградтық және украиндық суретшілер де бар еді. Соның ішінде Украина скульпторы (мүсін өнерінің шебері) Ольга Николаевна Будрявцева-Бурачек Хакімді өз қамқорлығына шәкірт етіп алды.

Ұстазы талантты жасты салғаннан-ақ тани кетті. Ольга Николаевна шәкіртіне өзінің өнерін беруге тырысты. Жас Хакім тұңғыш рет Рембранд туралы естіді. Ұлы суретшілер, скульпторлардың, архитекторлардың шығармаларымен таныса бастады. Ольга Николаевна жас талантқа жаңа тапсырмалар беріп, кемшілігін дер кезінде айтып отырды.

Хакімнің шығармаларының тақырыбы кілең қазақ өмірінен еді: «Көкпар», «Шөп шабу», «Егін орағы», «Жұмыстан соң», «Шаңғышылар кездескенде», «Ұсталықта», «Аманкелді».

Хакім бірте-бірте жеңілден ауырға, оңайдан қиынға көшті. Сөйтіп, Хакім қысқа мерзімде институтқа әзірленіп шықты.

V

Ұлы Отан соғысы аяқталысымен Харьковтың көркемөнер институты Харьков қаласына оралды. Өзінің мейтептес достарымен бірге Хакім де


келді. Содан бері ол өз анасындай болып кеткен Ольга Николаевнаның үйінде тұрып, мастерскойында шығармаларын жазады. Ұстазы талантты шәкіртінің қарамағына бай библиотекасып берген. Одан көркем өнер мен ғылым жайында тілеген кітапты табуға болады. Үйде ұлы суретшілердің шығармаларының көшірмесімен жасалған алуан түрлі альбом бар. Сабақтап қайтқан Хакім бос уақытының бәрін кітап оқумен өткізеді.

Ольга Николаевнаның Хакімге жасап отырған қамқорлығы украин халқы мен қазақ халқының арасындағы ұлы достықтың бейнесі сияқты.


Қазір Хакім институттың ақырғы курсында оқыйды. Ол сабақты үнемі өте жақсы үлгеріп келеді. Ол өз талантын білімге суаруда. Өткен 1947—48 оқу жылында Хакім институттың 3 курсына отлични бітіргені үшін, Москва мен Ленинградқа экскурсияға жіберді.

Өмірге келген адам, қырдың қызыл гүлі тәрізді. Ашық аспаннан алатын күн нұрын төкпесе, гүл көркейіп өсер ме еді? Тап сондай біздің бақытты өміріміз, Сталиндік әділ заң Совет адамдарына өз нұрын төгіп, жайнатып өсіріп отыр.


Хакімді де өнерді еткен — осы өмір.




„Көкпар“




Бұл суретте көміртегі мен металл тотығын қосу арқылы рудалардан металл қорытатын аспап көрсетілген. Қазір бұл аспап бүкіл металлургия өнеркәсібінің негізіне алынған.



Біздің еліміз мұнай қоры жөнінен дүние жүзінде бірінші орын алады. Мұнайды химиялық жолмен жұмсаудың нәтижесінде біз 800 түрлі зат алып отырмыз. Олардың ішінде қатты, сұйық, жұмсақ, майда, жанатын, жанбайтын, еритін, ерімейтін, емдейтін т. б. заттар да бар. Біздің алып скважиндар мен мұнай ағызатын заводтарымыз күн-түн демей жұмыс істейді. Олар елімізді түрлі мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуде.



Біздің еліміз минералдық тыңайтқыш жасау үшін қолданылатын табиғи шикізат байлығы жөнінен де дүние жүзінде бірінші орын алады. Сталиндік бесжылдықтар ішінде салынған химиялық алып заводтарымыз жергілікті шикі заттарды өңдеп отанымызға миллиондаған тонна тыңайтқыш заттар береді.



Профессор
Химия ғылымы

Химия — аса көрнекті ғылымдардың бірі болып саналады. Табиғат байлығын адам баласы игілігіне пайдалануда, еңбекшілердің тұрмыс-халін жақсартуда химия ғылымының маңызы аса зор. Бұл ғылымның жаңалықтар ашуға, қолжеткен табыстарды нығайта түсуге, оны өркендете беруге мүмкіншілігі мол.

Адам баласы ерте заманнан-ақ әртүрлі заттарды өз тұрмысына қолдана білген. Бұлардың бірқатарын табиғаттан даяр күйінде алып та бірқатарын қолдан жасап та пайдаланған. Жерден қазып алған рудалардан металдарды қорытқан. Күм, сода және бордан шыны жасаған. Фосфориттан жер тыңайтқыш заттарды шығарған. Май мен сілтіден сабын істеген.

Ал, қазірде химия ғылымы шешетүрлі жасанды заттар шығарып отыр. Химиялық ғылым біздің тұрмысымызға, өндіріс орындарына, ауыл шаруашылығына әбден сіңісіп кетті. Колхозшыларға жер өңдеуде, өсімдікте өсіруде, жұмысшы мен инженерге металл қорытуда, дәрігерлерге ауру адамды емдеуде, жауынгерлерге жауды қыйратуда химия ғылымы күш құрал болып отыр.

Бірақ химия ғылымы дәл осы күнгі дәрежесіне оңайлықпен жетпей қойған жоқ. Ол нелер тарихи даму жолдарын басынан кешірді. Осы күнгі химияның негізін салушы — алхимия болып есептеледі. Алхимия өзінің алдына міндет етіп металдарды өзгерту мақсатын қойды. Алхимиктер металдың ішкі құрылысы жөнінде еш нәрсе білмеді, олар көбінесе заттардың сыртқы қасиеттеріне көңіл бөлді. Мысалы, алтынның сары әрі жарқырағыш екендігін, күмістің ақ түсті екенін ғана білді. Олар күміс қатты сынап деп, ал алтынды аса қатты боялған күміс деп ойлады. Сондықтан олар күмісті бояп немесе жезді тазалап қолдан алтын жасау әдістерін қарастырды.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев «Мың бір түн» ертегінен алып жазған «Әзім» атты өзінің белгілі поэмасында алхимиктердің өмірін суреттейді.

Бірақ алхимиктер химиялық реакциялардың тұрақты заңдарын білмеді. Сондықтан да олардың өздері жасаған шыны сауыттары мен құрал-жабдықтарында көптеген құпия, жасырын сыр жатты. Алхимиктердің таптарында нелер шатасқан пікірлер, есептер, адам түсініп болмайтын формулалар болды.


Соның салдарынан олардың ашқан көптеген жаңалықтары кейінгілерге белгісіз, түсініксіз болып қалды. Дегенмен олардың азды-көпті еңбектері металлургия, кен ісі және шыны жасау жөнінде кейінгілерге көптеген пайда келтірді. Алхимик оқымыстылар химиялық элементтер мен химиялық қоспалардың арасындағы айырмашылықты, қоспаларды тазалау жолын және алтынның рудалар ішінде кездесу себептерін ашты.

Заманнан заман озған сайын білімге білім қосылып, ғылым алға барып дами берді, бұрынғы жоққа сенген, табиғатқа табынған алхимия осы күнгі жаңа алдыңғы қатарлы, нақтылы ғылым — химия ғылымына өсіп жетілді.

Химия ғылымын өркендетіп, дамытуда орыс халқының ұлы оқымыстылары М. В. Ломоносов, Д. И. Менделеев, А. М. Бутлеров, тағы басқарып қалыптастырған адамдар көп еңбек сіңірді.

Михаил Васильевич Ломоносов осы күнгі химия ғылымының негізін салушы адам болды. Ол адам баласы тарихында бірінші рет заттардың сақталу заңы мен қуаттың сақталу заңын ашты.

Бүкіл дүние, бізді айнала қоршап тұрған барлық зат, біздің көзіміз көрінетін және көзге ілінбейтін барлық нәрселер: тау, мұхит, күн, жұлдыз, өсімдіктер мен жәндіктер, тіпті біздің өзіміз де — барлығы біздің көзге көрінбейтін қарапайым заттардан тұрады. Ол затты ғылым тілімен элемент деп атайды. Элемент материяның (заттың) ең кішкентай бөлігі — молекулдан тұрады, ал молекул өзінен де кіші атомнан құралады.



БЕКТҰРОВ.
ның докторы.

Орыс халқының ұлы оқымыстысы Дмитрий Иванович Менделеев тарихта тұңғыш рет осы элемент сандарының аса көп емес екендігін, бүкіл дүние жүзінде тек 92-ақ түрлі элемент бар екендігін анықтады. Ол бұл элементтерді жүйелеп тәртіпке салып, барлығын да бір системаға келтірді. Ғылым тарихында бұл система «Менделеевтің периодтық системасы» немесе «Менделеев таблицасы» деп аталады.

Химия ғылымын байыта түскен адамның бірі — орыс халқының атақты оқымыстысы — Александр Михайлович Бутлеров. Ол заттардың атомнан қалай тұратындығы туралы ғылымды ойлап тапты. Қазір химик-инженерлер Бутлеровтың оқуына сүйене отырып, ең жабайы қарапайым заттардан көптеген күрделі, жаңа, құнды заттарды ойлап шығарады.

Біз керекті әріптерді рет-ретімен жазып, олардың белгілі бір санын ғана алып сөз құраймыз. Сол сыяқты химик те түрліше химиялық элементтерді қосып, түрліше заттар жасайды. Мысалы, белгілі бір шамамен сутегі (H) мен оттегі (O) қосқанда, су (H_2O) пайда болады. Сутегі (H) мен азотты (N) қосқанда, аммиак газы (NH_3) пайда болады. Оның судағы ертіндісінен нашатырлы спирт пайда болады. Көміртегі (C) мен сутегі (H) қосқанда, жанатын газ метан (CH_4) пайда болады.

Оқымыстылар атомдардың қосылу және бір заттан екінші затқа ауысу заңдарын пайдалана отырып, сол заттан сапасы да, қасиеті де өзгеше екінші бір жаңа зат жасап шығарады.

Адам қоғамының дамуы үшін химиялық заттарда болатын қуатты пайдалану алғашқы адамдардың жаққан отынан басталған. Содан бері химиялық заттар адам баласына арналған қуаттың бұлағына айналды. Заттың бойындағы қуаттың күшімен автомобильді жүргіземіз, самолетті ұшыртамыз.

Химия ғылымының денсаулық сақтау саласында да атқаратын қызметі зор. Бұрын түрлі дәрілер өсімдіктерден немесе жәндіктердің денесінен жасалатын еді. Енді оқымыстылар стрептоцид, сульфидин, сульфазол секілді бағалы дәрілерді химиялық жолмен өздері-ақ жасап алатын болды. Олай болса, қандай дәрі-дәрмек болмасын, бәрі химиялық өзгерістер жолымен жасалады, дей аламыз.


Өсімдіктерге қоректік заттар өте көп керек. Мысалы, дүние жүзінде өсімдіктерінің өсуіне жыл сайын жер қыртысындағы азоттан 25млн тонна жұмсалады екен. Және жыл сайын жер қыртысына тап сол мөлшерде азот қайтарылуы тиіс, өйтпегенде, жер тез құнарсыздыққа ұшырап, үстінде ешбір өсімдік өспей қалар еді. Табиғатқа табынбай, мұндай заттарды да қолдан жасап алу жолы елімізде кең өрістеуде. Кейінгі кездерде толып жатқан қолдан жасалған химиялық заттар өсімдіктердің өсуін едәуір тездетті. Ол заттар өсімдіктердің көлемін де, үлкейтуге сапасын да арттыруға қолданылады. Сұйық ертінділер бүркілген памидор өсімдігінің шығымы 2—3 есе арта түскені байқалды.

Сол сыяқты химиктер адам өміріне аса хажетті зат—витаминдерді де, спирт пен қантты да химиялық жолмен қолдан жасай алады.


Қазіргі уақытта Совет оқымыстылары өздерінің отандастары: Ломоносов, Менделеев, Бутлеровтердің химия ғылымындағы ашқан заңдарын дамыта, оларды жаңа фактілермен толықтыра отырып, өздері де жаңа заттар алу әдісін, элементтердің қосылысын тексеріп, нағыз күрделі заттарды да оңай, арзан жолмен алуды жетік меңгеріп отыр.

Сталиндік жаңа бесжылдықта совет оқымыстылары химия ғылымын онан сайын дамытуда, көптеген жаңалықтар ашуда, химия өндірісінің түрліше салаларын нығайта түсуде, сөйтіп біздің социалистік Отанымыздың күші мен қуатын барған сайын арттыра түсуде.


Жас достар! Сендер өскенде, химиялық әдіспен жаңа заттар табу жұмысына белсене қатынасатын боласыздар. Оның үшін мектепте зат туралы және оның екінші түрге айналуы туралы әрі қызықты, әрі тамаша ғылым — химияны зор зейін сала оқындар.



Мектеп оқушылары аздаған грамм бояғыш зат алу үшін өздерінің химия кабинеттерінде жабайы аспаптарды ғана пайдаланады. Ал, біздің химия өнеркәсібімізде еліміздің ауыл шаруашылығын он мыңдаған тонна бояумен қамтамасыз ете алатын жүздеген алып заводтарымыз бар.



Темірді пісіру, металды кесу үшін ацетилен деген газ сыяқты зат қолданылады. Онсыз темірді пісіруге де, металды кесуге де болмайды. Ацетиленді оттегімен қосқанда, қай металды да болмасын балқыта аларлық күшті қызу (температура) пайда болады. Ацетиленнің көмегімен біз аса зор цельнометалдық конструкция жасай аламыз. Жоғары суретте сондай металл конструкциясының бірі көрсетілген.



Өсімдік қоректеніп, өсіп жетілуі үшін бірнеше химиялық элементтерді керек етеді. Бұл элементтер топырақ ішінде өзара қосылып, өсімдікке тамырына барады. Өсімдікке хажетті сондай элементтердің бірі — азот. Жоғары суретте топырақтағы азоттың өсімдік тамырына қалай баратындығы көрсетілген. Бірақ топырақ қосымша жаңа азоттармен толықтырылып отырылады.

Жақсы деген немене, жаман деген немене

КӨНІЛДІ ӘНГІМЕ

С. ШАТРОВ

Оқу жылы жаңада басталған. Оқушы пионерлер мектепте бірінші ойын-сауық кешін өткізгелі жатқан. Сол кеште Еркін Еркебаев пен Әлім Сәлімовтың арасында мынадай бір әңгіме болды:

— Пионерлер мектеп жапында мұзойнақ жасауды ұйғарды, — деді Еркін. — Ертең жексембілік, сен де кел, бірігіп жұмыс істейік.

— Маған мұзойнақ бек хажет еді, — деді Әлім тыжырына сөйлеп, — мен шаңғышы емеспін бе, коньки тебе білмеймін.

— Демек... сен келмейсің ғой, — деді Еркін.

— Мұзойнақта коньки теуіп ойнайтындар көп жұмыс істесін.

— Сен өзіңе пайдалы іске ғана қол ұшың тигізеді екенсің ғой.

— Е, опың не сәкеттігі бар?

— Ол өзімшілдігі басым адамның ісі, — деді Еркін зілді дауыспен.

— Кімнің, кімнің ісі дейсің? — деп Әлім қызарақтап қалды.

— Өзің өңгеден жоғары санайтын, өз қарабасының ғана қамын ойлайтын адам ғана осыны айтады.

Әлім қарсы жауап айтып үлгірмеді. Екі дос отырған сахна сыртына Мұрат жүгіріп шығып:

— Ойынды бастаймыз, балалар. Әлім сахнаға шық, — деді.

Әлім пионерлік галстугін түзетіп, қолымен аузын басып жөтеліп ап, сахнаға шықты. Ол жүрт толы залды көз жапарымен бір шолып өтті де, жүрегін тоқтатып не айтатынын жариялады.

— Владимир Маяковскийдің өлеңі «Жақсы деген немене, жаман деген немене?»

Зал іші жым-жырт бола қалды. Әлім өзіне табыю бір артиске ұқсап, шашын қолымен салалап тарап ал, тақпақты дауыстап айта жөнелді:

Әкесінен балақай

Сұрады тақау келді де:

— Жақсы деген немене,

Жаман деген немене?

«Мен, әсте жаман айтып тұрғам жоқ-ау осы», деген ой келді Әлімнің басына. Тақпағын бұдан да мәнерлі етіп айту үшін ішіне ауаны көбірек жұтты. Амал қанша, жас тақпақшы табанда сәтсіздікке ұшырады. Өлеңнің келесі жолын ұмытып-ақ қалғаны. Амалың болса, істеп бақ, қайтерсің — шынымен ұмытып-ақ қалғаны. Ішке жұтқан ауаны қайта шығарып, абыржып жан-жағына қарады. Зал іші бұрынғысынша жым-жырт. Әлім не айтатынын қайтадан құлақтандырды:

— Владимир Маяковскийдің өлеңі «Жақсы деген немене, жаман деген немене?»

Соңғы қатарда отырған біреудің мырс етіп күлгені естілді. Әлім тақпақты бұл жолы баяу дауыспен айта бастады:

Әкесінен балақай

Сұрады тақау келді де:

— Жақсы деген немене,

Жаман деген немене?

Қайтадан тоқтап қалды. Ұмытылған сөздер есіне түсе қоймады. «Іс жаманға айналды» деп ойлап, ол үрейлене түсті. Қалай әуреленсе де—келесі жол есіне түспеді. Залда күңкіл сыбыр сөз басталды. Біреу көкесінді дауыспен:

— Өлеңді жаттап алу—жақсы-ақ, бірақ, оны ұмытып қалу—жаман. — деді. Соңғы қатарда отырған үшінші кластың балалары ду күліп жіберді. Бірінші қатарда отырған бір көмпір Әлімге жаны ашын:

— Байгүс бала айтар сөзін ұмытып қап, не істерің білмей тұрса, мыналардың күлгендері несі, — деді.



Әлім қызарып кетті. Маңдайынан шып-шып шыққан суық терді сүртіп, неде болса деп, тақпақ өлеңді үшінші рет қайта бастады.

Әкесінен балақай

Сұрады тақау желді де:

— Жақсы деген немене,

Жамап деген немене?

Төбеге ұрғандай тағы да тоқтал қалды. Үшінші кластың оқушылары тағы да ду күлді. Әлім сахнадан кетуге бел байлап, бір аттап еді, сахна сыртынан: «Кұпия сыр менде жоқ» деген ташыс сөздер құлағына сап етті.

Әлімнің қуанышы қойнына сыймай кетті. Әйтеуір, жұртқа таба болмады! Жанын жөгідей жеп азалқа салған сөздер осы еді. Естілген сөздерді лезде қағып ап, тақпақты нашына келтіріп айта жөнелді:

Кұпия сыр менде жоқ,

Тыңдаңдар, қане, балалар.

Әкешің айтқан жауабы

Бұл кітаптан табылар.

Арғы жағы ойдағыдай-ақ болды, Әлім тақпақты жақсы айтып шықты. Жұрт қатты риза болды, қол соқты.


Сахна сыртында Әлімді достары қарсы алды.

— Рахмет, балалар, — деді Әлім толқыған жүрегін еркін орнына түсіре алмай. — Масқара бола жаздым-ау?

— Алғысыңды ана Еркінге айт, — деді Мұрат, — сені жұрт алдында масқара болудан құтқарған сол.

Әлім жолдасының қолын қысты. Еркін оған күле қарап:

— Кей кездерде тек өзін туралы емес, өзге туралы да ойлауға тура келетін секілді-ау, ә? Аңғардың ба?



Мен саған жәрдемдесіп, класымыздың ар-намысын сақтап қалдым.

Әлім дос сөзінің төркінін түсініп:

— Дұрыс айтасың. Менікі теріс екен. Ертең жөбсембілікке қалайда келемін, — деді.

— Міне, біз жақсы деген немене, жамап деген немене екенін білдік, — деді Мұрат. Достар ду күлді. Концерт болып жатты.

ЕКІ ӨЛЕН

Д. РЯБУХА

БАҒЫНДЫРДЫ ӨЗІНЕ ЕЛ

Түнде бұзды бөгеуді,
Жонды аралап су кетті,
Тоқтатпақ боп қайтадан
Колхозшылар кеп жетті.

Үш күн ұдай өзенмен
Көп алысты ел болып,
Су тоқтамай бөгеуден,
Жарып шықты сел болып.

Шаршап, талған басқарма
Күректі алып қолына,
Бастайық деп қайтадан
Сөз тастады тобына.

Тағы талай күн өтті,
Тағы алысты қалың ел.
Бітер кезде бөгетті —
Қайта бұзды күшті сел:

Сарқырады күшті ағын,
Ақты талай ащы тер.
Бөгеп судың жан-жағын
Бағындырды өзіне ел.

ДАЛАДАҒЫ УЙҚЫ

Түн болды, тау көрінді мұнарланып,
Жел тұрды әлде қайдан ызың қағып,
Ұйқтады комбайншы жас жігіттер,
Көкпенбек құба жонды баспана ғып.

Әзілқой күлкі несі еріндері
Әнді де ұйқы менен бірге жапты,
Самалды жел үрлеген көйлектерге
Қақтай боп күндіз аққан тер де қатты.

Таң менен бұлар тағы ерте тұрып,
Егістің сайрандамақ далаларын,
Айдамақ комбайнды жүздер жайнап,
Жаңғыртып сахараны салған әні.

Қара бұлт бүркеп айдың нұрлы жүзін,
Сумандап қараңғыда қыдырды жел.
Жатқанда шырт ұйқыда біздің ерлер,
Айқара түн көрпесін жамылды бел..

Аударған Ж. САИН.



Біздің

почта

БАЛҚАШ ПИОНЕРЛЕРІНІҢ ІСІ

Балқаш пионерлері өткен жазғы демалыстарын текке өткізбеді. Олар пионер лагерлерінде демалып, тынығумен бірге бірнеше рет өлке тану саяхатын ұйымдастырды. Жас саяхатшылар жорықтан олжалы оралды. Бірнеше коллекциялар мен гербарийлар жыйнады. Олар бұл олжаларын Балқаш қалалық пионер үйіне тапсырды. Пионерлер үйі жас саяхатшылардың осы әкелген коллекциялары мен гербарийларынан қызықты көрме ұйымдастырды. Көрменің экспонаттарын дайындауда да қала пионерлері мен мектеп оқушылары көп көмек көрсетті. Бұл көрмеден қош ниеті гүлдерді, шалғын құрақты шөптерді, даланың тағы аңдарың, бейтаныс жәндіктерін, алуан түрлі құстарын көруге болады.

Көрмеде «Босаға», «Бектау-ата» пионер лагерлерінен дем алып кайтқан жас өлке танушылардың экспонаттары ерекше көзге түседі.

Ол «жануарлар дүниесі» және «өсімдіктер дүниесі» деген екі бөлімнен тұрады. Жануарлар дүниесі деген бөлім бейнебір кіші-кірім зоопарк сияқты.

Мұнда көрушілердің назарын аударарлық бір нәрсе — жас натуралист Васа Власовтың аквариумы. Бұл — шыншылдан істелген үлкен ыдыс, төбесінде ауа кіретін түтігі бар. Шынының ішінде өзеннің мөлдір суы бар, су түбіне өсімдік отырғызылған. Ол түтіктен ауа жұтып, су ішінде еркін бойлап өсіп тұр. Ал осы шынының ішінде кәдімгі су ішінде тіршілік ететін ондаған жәндіктер өмір сүреді.

Екінші бөлім — «Құс — адамның досы» деп аталады. Онда қаз, үйрек, тырна, көкқұтан, құладың, бөдене, торғай және басқа құстар бар. Әрбір құстың тұсына олардың қай мезгілде ұшып келуінің таблицасы жазылған. Оны пионерлердің өздері анықтаған.

Көрмеде Балқаш маңайында өсетін өсімдік байлығымен де танысуға бо-

лады. Мұнда өсімдіктердің 42 түрі қойылған. Бұл өсімдіктер «Балқаш маңында шақат тас пен баялышты кұмайтқан басқа ештеңе жоқ» деген бұрынды-сонды болып келген ұғымдарды жоққа шығарады.

Енді бөлмеде Қоңраттың рудалары мен минералдары: молибден, кварц, кальций, вольфрам, слюда, марганец, гипс, мрамор тағы басқа небәрі 39 түрлі кен байырғы жыйналып қойылған.

Бұл бөлмеден көптеген күнделік дәптерлерді де көресің. Онда жас саяхатшылардың жорық кезінде көрген-білгендері жазылған. Одап неше түрлі қызықты уақығаларды кездестіруге болады. Соның бірі мынадай еді:

... Қала пионерлері жазды күні Балқаш көлінің ортасындағы ұзын аралға саяхат жасаған. Аралға пионерлер Балқаш көлі арқылы кемемен жүзіп барды. Пионерлер аралды аралап жүріп, бір керемет үлкен қамыстарға кездеседі. Балалар бұл гажайып қамыстың біразын қыйып алып қайтады. Олар бұл қамысты төксере келіп, оның бірнеше қасиеттері бар екенін білді. Біріншіден, қамыстың өте қызулы, әрі үнемді отын болатындығын екіншіден, құрылыс материалдарына — үйдің төбесіне жабуға, мықты шарбақ тоқуға жарайтындығын анықтады. Осыдан кейін пионерлер бұл мүйісті «Алып қамыс мүйісі» деп атады.

Жас өлке зерттеушілер бұл маңайдың жаратылыс байлығын, жануарлар өмірін, өсімдіктер дүниесін, су жағасындағы жер қыртысын, ауаның қысым мөлшерін зерттеді. Осы саяхат үстінде тапқан заттарын жасаған коллекцияларымен гербарийларын қалалық пионерлер үйіне әкеліп тапсырған. Балқаш пионерлері өздерінің бұл игілікті істерін бұдан былайда өрістете бермек.

Онайбек ҚУДЫШЕВ,

Балқаш қаласы.



Астана мектептері БАКЖОның XI съезіне қызу әзірленуде. Суретте: 6-кыз балалар мектебінің оқушылары (солдан оңға қарай) Неля Гисничая, Белла Персиян, Роза Байбосынова және Мая Антипова «Краснодон батырлары» деген тақырыпта альбом жасап отыр.

МЕНІН СҮЙІКТІ ОҚЫТУШЫМ

Бір күні власта мынадай уақытқа болды. Менің бір құрбым үйге берген тапсырманы орындамай келіпті.

— Сенің достығың қайда? Сен, жазғаныңды маған бер, мен көшіріп алайын — деді. Мен дәптерімді ұсындым. Сабақ басталуға әлі жарты сағаттай уақыт бар еді. Бөлмеге класс жетекшісі оқытушы Александр Ильинична кірді. Біз орымыздан түрегеліп, онымен сәлемдестік.

Құрбымның даяр жазуды көшіріп жатқанын көрді де, ол басын шайқады. Мен әуелі бұған түсінген жоқпын.

— Бұл да достық па? Жоқ, сен өле-өлгенше онымен бірге жүріп, осындай «көмек» көрсетпексің бе? — деді мұғалима. — Сен, құрбыңның ешнәрсеге ой жібермей, беталды көшіріп алуына мүмкіндік бердің, бұл болса жете, жақсы түсінген жоқ. Бұл көмек болмайды.

Мен хатемді ұғып, қатты ұялдым. Ертеңінде сабақ соңында Александра Ильинична бізге «Достық және жолдастық» деген тақырыпта қызық әңгіме айтты. Ол өзінің сөзінің орта кезінде:

— Біздің кейбір үздік оқушыларымыз өзін білсем болады. Тәртіптімін. Маған ешкім ұрса алмайды. Ал, жаман оқығандар үшін, мен жауаптымын ба? — деп ойлайды. Осы дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Өйткені тек өзі тәртіпті болып, отлично оқып қана қоймай, жолдастарын да өз қатарына теңей білген пионерді я оқушыны үздік деуіміз керек. Бұл — әр оқушы өз жолдасы үшін де жауапты деген сөз. Олай болғанда, өзіміздің класмыздың алдыңғы қатарлы, абройлы болуы үшін күресу — бәрінің борышың. — деді.

Оқушылар мұғалиманың сөзін ұйып тыңдады. Біздің кемшіліктеріміздің қатал сыншысы Александра Ильиничнаны бәріміз де сүйеміз. Александра Ильинична жана шыққан кітаптарды жұрттан бұрын тауып алып, оқып шығады. Кітапты оқып аяқтасымен бізге әңгімелен айтып беріп отырады. Біз де соның артынша ол кітапты оқып шығуға қызығамыз.

Өз білгенін екінші біреуге үйрету — оның бойындағы жақсы қасиеттің бірі. Мен, әресе, сол үшін Александра Ильиничнаны ерекше сүйемін.

Мен әрқашанда сүйікті оқытушыма ұқсап өсуге тырысамын. Бірдің көп үшін, көптің бір үшін қамқор-




33-ер балалар мектебінің оқушылары Ескендір Нұрахметов, Нұрхан Исабеков Горький атындағы мәдениет паркінде шаңғы теуіп жүр.
Суретті түсірген П. Редько.

лық жасауы керек деген қағиданы үйретіп, коллектившіл болып өсуімізге Александра Ильинична осылай көңіл бөліп отырады.

Саша ТРОЯНСКАЯ

Талдықорған қаласы, Абай атындағы орта мектебінің VIII-класс оқушысы.



Шағындау келген бөлмеде бір жас қыз кесте тігіп отыр. Оның кішкене нәзік саусақтары жез қармақтай майысып, сынаптай сырғыйды. Қолындағы темір ілмек ақ матаның үстіне жібек жіптен із қалдырып, неше түрлі өрнек салады.

КЕСТЕШІ ҚЫЗ

Бұл Әсия Байқорина еді. Ол Алматы қаласындағы 40 қыз балалар орта мектебінің VI-класында оқыды. Әсия сабақты өте жақсы оқумен қатар, мектептегі көпшілік-қотам жұмыстарына да белсене қатысады, оқушылардың география үйірмесін басқарады, отрядтың қабырға газетін шығарысады.

Әсия сурет салу өнерімен де шұғылданады. Оның бөлмесіне кіріп барсаң, неше түрлі тақырыпқа салған әдемі суреттерді көресің. Әсия суреттерінің негізгі тақырыптары: сабаққа дайындалып отырған оқушы, сырғанақ теуіп жүрген бала,

отряд советінің мәжлісі, табиғат көріністері.

Әсия кесте де тігеді. Оның үйінің жастықтарының тысы, орамалдардың шеті неше түрлі көркем кестелермен әшекейленген.

Жақында Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының XI-съезі болатынын ол жақсы біледі. Бұл съезге еліміздің барлық оқушы жастары сыяқты Әсия да өзінше сыйлық әзірлеуде. Ол комсомол значогінің суретін ақ жібекке қызыл жіппен тігіп жатыр. Әсия оны комсомолдың XI-съезіне тарту етіп сыйламақ.

Әбілқасым ӘБІЛДАЕВ,

Алматы қаласы, 40-қыз балалар орта мектебі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІ

отряд бар. Олар, жақсы, өте жақсы оқуға көңіл бөледі. Сонымен қатар, пионерлер сабақтан соң туған колхозына қолқабыстық көрсетіп келеді.

Күз айларында, мақта жыйнау маусымы кезінде олар колхозшыларға демалыс күндерінде көп көмек берді. Ертебаев, Әуезова, Алпысбаева, Дәуленбаева сыяқты пионерлер күніне онбес килограмнан мақта терді.

Пионерлер қыс күнінде де колхоз-

ға көмек көрсете береміз деп ұйғарды.

Олар қазір колхозшылар арасында кітап, газет оқып беріп жүр. Колхоз қабырға газетін шығаратын да солар.

Сталиндік конституция күні мектеп оқушылары «Екі оқушы» атты пьесаны, қызықты концерт қойып берді.

Пионер вожатый

Телеген ПОЛАТБАЕВ,

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шәуілдір ауданы, Байылдыр
бастауыш мектебі.



Біздің Байылдыр бастауыш
мектебінде 40 пионерден құралған

ЖАС МАТЕМАТИКТЕР ҮЙІРМЕСІ

Біздің мектебімізде үстіміздегі оқу жылы басталысымен жас математиктер үйірмесі ұйымдастырылды. Бұл үйірмеге мектебіміздің жоғары — кластарындағы математика пәнін ерекше сүйетін оқушылар қатысады. Үйірмені математика пәнінің оқытушысы Хабибат Аджиева жолдас басқарады.

Жас математиктер үйірмесінде математика ғылымының негізін салушы ғалымдардың, көрнекті ғылым қайраткерлерінің өмірі мен еңбектері туралы кең көлемді баяндама жасалып отырады. Оқу жылы басталғаннан бері үйірме мүшелері атақты



математиктер Архимед, Эйлер, Ковалевская, Лобачевский және Исаак Ньютон тағы басқалардың өмірімен танысты. Баяндаманы, көбінесе, үйірме мүшелері жасайды.

айқын және түсінікті тілмен жеткізіп, жайдары қалыпта сөйлеуде.

Бұл осы кластың ең үздік оқушы пионерінің бірі — Асқар Зарипов еді.

Асқар сабақты айтып болғаннан кейін, оқытушы класс журналындағы «Зарипов Асқар» дегеннің тұсына бестік баға қойды.

Асқар барлық пәнді де үнемі осылай бестік бағамен оқып келеді.

Үйірмеде қығын жұмбақ-есептер де шығарылады, бұл жөнінде оқушылар Қарашаев, Тұрғалиев, Әменова, өзгелердеп үздік отырады. Бұлар келешекте өздерінің жақсы математик болатындықтарын көрсетіп жүр.

Үйірме мүшелері альбом да жасайды. Оған атақты математиктердің суреттері жапсырылып, олардың өмірі туралы материалдар жазылады. Кейде есеп формулалары да жазылып қойылады.

Мектеп оқушыларының математика пәнін жақсы үлгеруі үшін бұл үйірменің мәні аса зор.

Сатыбалды ОСПАНОВ,

Жамбыл қаласы, қазақ орта
мектебі.

ҮЛГІЛІ ОҚУШЫ

Орда орта мектебінің V а класы. Класта арифметика сабағы өтін жаттыр. Оқытушының алдындағы партада, мойнында қызыл галстугі бар, өткір көзді кішкентай қара бала сабақ айтып тұр. Ол, оқытушының берген сұрақтарына жауаптарды өте

Ол, сонымен қатар мектеп өміріндегі көпшілік — қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады. Пионерлердің мектептегі қабырға газетіне мақалалар жазып жолдастарын өзінің оқу тәжірибесімен таныстырады. Сондықтан да оқушы жолдастары Асқарды жақсы көреді, оны сыйлайды.

Халел КӨШЕКОВ,

Батыс Қазақстан облысы, Орда
ауданы.

Қошпаның көмегі

Хажымұқан
туралы
әңгімелер

Қ. ӘБДІҚАДЫРОВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Хажымұқан полицеймейстердің кеңсесіне қарай шананы сүйрей жөнелгенде, оның соңынан қаланың үлкен-кішілі жүздеген адамы шұбап бірге кетті. Городовойлар оларды серпілту үшін қанша түсіп суытса да жұрт оны елемеді. Балалар үрінді қарды қайыстай тіліп келе жатқан шананың артынан итерісіп, Хажымұқанның ауыр жүгіп жеңілдете түсті. Қораға жақындаған соң городовойлар шананың жанындағыларды қуып, енді бірі кеңседегі бастығына кірді.

Бастық маңғаздалып, есік алдына шыққанша, шана сүйреген Хажымұқан полицеймейстердің қорасының қақпасына тақалып қалды. Үйге тиелген шөпті сүйреген адам көрінбейді. Боран үрлеп, тықпалап тастаған шөптің үстінде алғы серейіп ат жатыр. Шананың айналасында жышырлап балалар жүр. Қолдарына шелегін, бүрегін ұстаған әйел, еркектер шананы сүйреткенді көріп қалуға ұмтылып, аяқтарын жүгіре басып, мойындарын созады. Бастық көше толған кісілерді көріп шошып кетіп:

— Бұл не үшін қаптап жүрген адамдар?—деп, жанында тұрған городовойға қарады.

— Ұлы мәртебелі мырза, еріккен ел жаяу шана сүйреткенді қызық көріп жыйналғаны ғой...

— Неге қумайсындар бұларды?

— Қууып қудық, мырза! Бірақ қусақ қорасына кіреді де, қайта жүгіріп шығады.

— Қуындар! Шана сүйреткен қазақ та қызық бұлар үшін. Тарат! Шананы қораға жіргіз, — деп бастық кеңсеге кірді. Хажымұқан шанасын сүйретіп полицеймейстердің қорасына кіріп кетті.

Қораның есігі жабылған соң екі городовой жыйналған адамдарға:

— Жауырындарыңды мына дойыр тілсін демесендер, тараңдар, — деп қолындағы қамшысын көшке көрсетті.

— Оныңды бізге неге көрсетесің? — деді біреу.

— Неге кетпейсіңдер? — деп, городовой мұртын тікірейтті.

— Қызық көреміз.

— Қандай қызық?

— Біздің Петроград, Москвадағыдай театр, клубымыз, циргіміз жоқ... Жаяу шана сүйреткенді көрсек те қызық. Көшеге жыйналған елге сендердің бастықтарыңның өкпесі қысылып тұр ма?—деді, бір тігінші.

— Ей, мұртыңды санамай, жаңағы шана сүйреткенді бері шығаршы, сенің көшен бізді көтере алмаса, өзіміз үйімізге апарып көреміз. Мұртыңды несіне тікірейтесің?! Оныңды күнде көріп жүрміз ғой, — деп базардың орнын сыпыратын қарауылшы, городовойға жақындай түсіп.

— Енді тараңдар! Ол бұл қорадан шықпайды.

— Неге? Ни ішлэп? За что? — деген дауыстар жамрай шықты.

— Ол қазнаға пайдасы тиіп тұрған Масликовтың атын өлтіріп, шанасын сындырып отыр.

— Е, Масликовтың баи түссейін деп тыйтығына жеткізген аттары жылда қырылып жатады ғой. Өлген атын жалшыларына төлеткізеді. Сендер соны қораларыңа неге қамамайсындар? Кеше шөпке кеткен төрт келіктен шөпті жалы сүйретіп біреуі ғана келді. Қалған үшеуін қар басып далада қалды. Аты түгіл, адамы да қырылып қалған шығар. Городовойлар, оны неге іздемейсіңдер? — деп біреу дүрсе қоя берді.

— Кетпендер, босаған соң дәуді алып барып, тамашасын көреміз. Отыз пұттық кеспені қақпақыл ғыш ойнайды дейді. Үйдей қарағайды аяғымен теуіп сындырады дейді... Сонысын көреміз?—деп даурықты біреулер.

— Бастық қайда? Бай, ат қырылатын болды шөпті қайтарсын деп жатыр, — деп екі ат жетелеп Масликовтың бір жігіті келді.

Бастық даурығын әлденемөне айтып, ішке кіре бергенде, Масликовтың қамбашысы да жетті:

— Тақсыр, шөпті шанасымен қайтарсын деп бай ат жіберіп еді, соған рұқсат өтсеңіз...

— Көпшілікке құрсанған ашудың шарғуы оған да тиді.

— Мен тергеп, тексеріп, акт жасамай ешпәрсені қорадан шығармаймын.

— Тақсыр-ау, аттар аштан өлуге айналды...

— Масликовтың өзі өлсе де, айтқаным айтқан. Атымды өлтірді, тексер деген өзі. Тергеймін енді, — деп бастық ашуды есікті тарс еткізіп жауып, ішке кіріп кетті.


Балалар полицеймейстердің қорасының жан-жағынан асылып қарап:

— Өне, шанасы қораның дәл ортасында тұр. Өзі қардың үстінде жалаңбас отыр... Өне, тұрды... Көңсеге кіріп барады, — десіп шулады.

Городовойдың біреуі елді тарата алмаған соң, солардың «дәу» туралы әңгімесіне өзі де араласты. Өзгердің өлшеусіз мақтауына бұл себепті дәлелімен араласты.

— Бұл, шынында дәу... мына шөп кемінде қырық пұт. Арасына кірген қары бес пұттан қалай кем болар екен... Ал, анау ат он бес пұт қайтсе де болады. Сонда 60 пұт жүкті жеті шақырым жерге жаяу сүйрегені ғой. Теті жай бала емес, — деді.

Бастық кеңсесінде Хажымұқаннан жауап алды.



— Сенін Масликовқа жұмыс істегеніне қанша болды?

— Үш ай.

— Жасың нешеде?

— Оны білмеймін, әйтеуір жылым түйе...

— Түйе деген неменә?

— Түйе, түйе. Малдың ең үлкені. Қазақта сондай жас болады. Сыйыр, қой, жылқы бәрі бар...

Ешнәрсеге түсінбеген полицеймейстер:

— Ал, жұмыс істегеніңе үш ай болыпты. Масликовтың неше атын өлтірдің?

— Осы шөптің үстінде жатқан ат.

— Неге өлтірдің?

— Масликов шөпті көп тасы деді. Көп тарта алмай ат тұрып қалды. Мен шананы итеріп жібердім. Шананың астына түсіп, ат өліп қалды.

— Қалай астына ат түседі?

— Атыңды ана шананың алдына қой. Мен шананы итеріп, қалай түскенін көрсетейін.

— Ә... һә, Сен менің атымды да өлтіргің келген екен. Мен саған көрсетермін атты...

Есіктеп сөйлей тұлыпқа оранып көңсеге Масликов жірді.

— Аттарымның ішіндегі асыл тұқымды ең жақсы атым еді. Россиядан әкеліп, Шәрафидин мырза сатып еді. Быйыл жасы он алтыда еді. Баланстары құны бір жүз сексен сом еді. Жалшылықпен өтеуге бұл иттің өмірі жетпейді. Қалай болады? — деді.

Бөбектер үшін

Үстінде үйдің
Тұр еді мысық.
Қасына келді,
Бір торғай ұшып.

Бассалмақ болып,
Ыршыды мысық.

МЫСЫҚ



Жөнелді торғай,
Пыр етіп ұшып.

Биіктен жерге
Топ ете түсіп,
Мысықтың қалды
Жамбасы ісіп.

Б. СОҚПАҚБАЕВ

Байдың бетіне төсіле қарап, бастық Хажымұқанға:
— Көрдің бе, байлар атының жасына шейін біледі, а сен өз жасыңды білмейсің. Қай жасыңда жұмыс істегеніңді қайдан қалай айтасын...

— Оны білем ғой. Алдыңғы жылы өрісте өлген өгізді үйге көтеріп әкелдім. Былтыр құдыққа түскен Күтпанның түйесін шығарып бердім. Быйыл байдың шөбін, өлген атын үстіне салып сүйреп әкелдім. Бұған жас санаудың не керегі бар?

— Қой, ол былшылықты! Полицеймейстер, мұнаи атты өңдіріп бересің!

— Жал ақысынан ұста!

— Айлығы бір сом сексен тыйын, оған мұның өмірі жете ме? Мен пәлен жылды күтіп отырамын ба, оған шейін бұл шайтан барлық атымды қырып бітеді ғой. Үйінде малы болса, әкеліп беретін болсын.

— Үйінде мал бар ма?

— Малым көп...

— Көпін алатын адамың бар ма?

— Көпіндің керегі жоқ. Өзім өтірік айтпаймын.

— Далаға шығып, мына тұрған кісілердің ішінен тауып беретінің бар ма, көпсіз болмайды?

— Даладағының бәрі көпін болады.

— Қалай, бәрі қалай?

Хажымұқанның далаға шығуы ақ мұң екен, күтіп тұрған ел неше түрлі тілмен айқай салысты.

— Ақтысын жазып бітті ме? Бері кел, ортамызға. Көрейікші өзінді, десіп, қолынан ұстаған бойымен көпшілік ортасына алып кетті. Алып шыққандардың әкімгершілігі мен байлығы аяққа басылып, елең қылған жан болмады.

— Ей, ей... көпін керек оған. Масликовтың атын төлеу керек, — деді полицеймейстер.

— Ненің көпіні?

— Атты төлейді.

— Қанша?

— Бір жүз сексен сом...

— Шығарындар бір сомнан. Аты түгіл, әкесінің құнына жетеді Масликовтың.

Жүздеген қол қойын-қонышына сұғынып мә-мә десті. Бір уыс ақша Масликовқа қарата ұсынылды.

— Осындай мейірімдерің болмаса, ел деп кім айтар еді?! — деді бір қарт.

Хажымұқан көше толған көпшіліктің ортасында кете барды.

*Масық
сен айтқанды
ауқай әкел
Бөбектер
жамбасы
Сен оны ақша
сүйек тәрізін
сана. Ол
Бөбектер қауымы*

Мұзойнақты қалай жасауға болады?

Балалар, қыс келді. Жердің бетін ақ қар, көк мұз басты. Бұл да табиғаттың тамаша бір мерзімі. Енді осы мерзімді жақсы пайдалануға болады, ақ қарда алыс жолға шаңғы жорығын ұйымдастыруға, қарды қалың етіп қалап, оның үстінен шамамен сырғанақ тебуге, сол сыяқты су құйып, мұз қатырып, мұзойнақ жасап алып, коньки тебуге болады.

Мұзойнақты мектеп жанындағы спорт алаңынан немесе кез келген ашық алаңға жасай беруге болады. Бірақ мұзойнақ жасалатын алаң тегіс, ой-шұқырсыз болсын.

Мұзойнақ жасалатын алаң ең әуелі тас, кірпіш сыяқты қатты кесек заттардан тазартылады, төмпешіктері болса, оны күрекпен қырып, ал ой-шұқырлар топрақпен толтырылып тегістеледі. Мұнан кейін балалар шанаға кеспек (бочка) орнатып, оған су құйып, мұзойнақтың басына әкеледі. Сонсоң суды жер бетіне жайып құяды. Кеспекке су құйып шамамен тасып жүріп, бір-екі күнде қандай мұзойнақ болса да, жасап бітіруге болады.

Мұзойнақты су құйып тегістегенде, ауа райына да қарау керек. Боранды, желді, жауынды-шашынды күндері, немесе суықтығы 7 градустан асқан аяздарда мұзойнаққа су құюға болмайды. Өйткені қатты суықтарда су тез қатып қалады да, мұз үстінде кедір-бұдырлар пайда болады.

Мұзойнаққа су құйғанда, әуелі суды жоғары шашырата құяды. Себебі жоғарыға шашыраған су тез суыйды да, жер бетінде тез қатады.

Су қатып мұзға айналған кезде, суды мұздың бетімен жүргізуге болады. Бірақ суды мұзойнақтың барлық жеріне жеткізіп, бірдей етіп шашу керек. Сөйтіп мұздың қалыңдығы 5 сантиметрге жеткенге шейін су құя беруге болады.

Егер мұзойнақ жасауға тиіс алаңда қалың қар жататын болса, онда оны таптап тастау керек, немесе алаңның жан-жағына ысырып, күреп тастаған жөн.

Суды мұзойнаққа жиектей құйған жөн, сөйтіп біртіндеп ортаға қарай ойыса береді. Жаңа қата бастаған мұздың үстінен жүруге болмайды. Өйткені жаңа қата бастаған мұз адамның салмағын көтере алмай сынып кетеді, сонсоң мұзойнақтың беті тегіс болмай қалады.

Мұзойнақтың көлемі аса үлкен болмауға тиіс. Дегенмен, сырғанақ тебуші бір балаға 10 шаршыметр жер керек. Олай болса, 200 шаршыметр мұзойнаққа бір уақытта 20 бала сырғанақ тебе алады. Демек мұзойнақ сырғанақ тебуші балалардың санына қарай жасалады.

Мұзойнақтың жиегінде арша, шырша сыяқты қылқанды ағаштар отырғызып, оған әдемі ленталар іліп қоюға болады.

Беті әбден мұз боп қатқан өзен мен көлді де мұз ойнақ орнына пайдалануға болады.

Мұзойнақта неше түрлі қызықты ойындар ұйымдастыруға: доп ойнауға, сырғанақ және коньки тебуге болады. Бұл ойындардың қызғылықты болуы басқарушының оны дұрыс ұйымдастыра білуіне байланысты.



Қыс келдіңіз ХҰРМЕТТІ ҚЫС!



А Қ Ш А Қ А Р

Себелей түс ақша қар,
Күміспен күнтеп даланы.
Қарсы алуға мен күштар
Досымдай құтты қадамы,
Аязың бойға күш берер,
Далаға сонша дән толар.
Жұт емес, маған құт келер
Жауған соң мұндай қалың қар.

Қ. ЖАНҒАБЫЛОВ.

Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Елтай орталау мектебінің оқушысы.

Ш А Ң Ғ Ы Ш Ы

Даланы жапқан ақша қар,
Қақтаған ақ күмістей.
Боз қырау басқан ағаштар,
Үлпілдек ақ түбіттей.

Шаңқай түсте аспаннан
Алтын күн нұрын төгеді.
Жібек жел желпіп алдыңнан,
Ақырын беттен өбеді.

Шаңғышы менің достарым,
Қаладан шығып ойнауға,
Іздегендей жоқтарын,
Жарыса шықты орманға.

Қандай қызық орманда,
Қыстың бір осы күндері!
Шаңғың зулап тұрғанда,
Жүйткіндер, достар, ілгері!

Ж. ӨМІРБЕКОВ.

„Пионер дружинасы“

Аға пионер вожатый Әсия Әлкенова кітап дүкеніне барды. Ол қазқатар тұрған сөрелерден көптеген қалың кітаптарды көрді. Солардың ішінен бір сұр кітап оның көзіне түсті.

— Апай, әне бір кітапты әнеріп жіберіңізші, — деді ол сатушы әйелге қарап.

Дүкенші әйел, Әсияның қалаған кітабын әнерді. Әсия кітапты қолына алып қарап еді: оның сыртына әдемі сурет салынған. Ал, екінші бетін ашып көріп еді: «Пионервожатыйның кітапханасы» деген жазу бар екен.

Әсия кітапты алғашқы беттерінен бастап ақырғы беттеріне дейін асықпай ақтарып, қарап шықты. Ол кітаптың тақырыптары мен онда жазылған сөздерді көріп қуанып кетті. Өйткені бұл оның көптен бері іздеп жүрген және таба алмай жүрген кітабы болатын. Әсия тиісті ақшасын төледі де, кітапты сатып алды.

Бұл — «Пионер дружинасы» деп аталатын кітап еді. Оны жуырда Қазақтың мемлекеттік оқу-кұралдар баспасы басып шығарған. Бұл кітаптың пионер вожатыйлары үшін мәні аса зор. Өйткені бұл кітап оның күнделікті жұмысына жол-жоба көрсетіп отырады, пионер ұйымы, оқушы балалар арасында жұмыс жүргізудің жолдарын көрсетеді.

«Пионер дружинасы» кітабының бірінші беті ұлы көсеміміз Сталин жолдастың: «Бақшашы жеміс ағашып мәпелен өсіретіні сыяқты, адамдарды да қамқорлықпен және көңіл бөліп тәрбиелеп өсіру керек» деген ұстаздық сөзімен ашылады. Осы сөздің өзінде-ақ пионер вожатыйларына жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісінің жүктелгенін, бұл жұмыстың әрі күрделі, әрі жауапты екенін ескертеді.



Пионер ДРУЖИНАСЫ

АЛМАТЫ
1944

Кітап негізінен сегіз тараудан құралған. Бірінші тарау «Жас пионерлер» деп аталады. Мұнда пионер дегеніміз не деген сұрауға жауап беріледі және оқушыларды пионер ұйымының құрылысымен (звено, отряд, дружина) және пионерлік белгілер мен (пионер туы мен отряд жалауы, горн мен барабан, галстук пен значок, салют және ұрандармен) таныстырады.

Кітаптың екінші тарауы — «жетекші, тәрбиеші, дос» деп аталады. Бұл тарауда тікелей пионер вожатыйының міндеттері мен істері айтылады, пионер арасында жұмыс жүргізу жолдары көрсетіледі, пионер ұйымдарының жұмыс жоспарын қалай жасап, қабырға газетін қалай шыға-

рып, күнделік дәптерлерді қалай жазуды да үйретеді.

Үшінші және төртінші тарауларында мектеп оқушылары мен пионерлерді ғылымды сүйеге дағдыландыру жолдары айтылады. Ғылыми үйірмелерді, клуб күндерін және ғылыми кештерді қалай ұйымдастыруға болатындығы баяндалады. Сол сыяқты күнделік дәптер, журнал жазу және альбом жасаудың пайдалылығы ескертіледі. Әрине мұның бәрі білім алудың тек көмекші құралдары ғана. Ал, білім алып, ғылымды меңгерудің негізгі құралы — кітап. Сондықтан да ол пионерлердің досы деп аталынады. Кітапты жеке де, бірігіп те оқуға болады, сол сыяқты оны іштен де, дауыстап та оқуға болады. Кітаптың төртінші тарауы, міне осы кітапты оқудың жолдарын айтады.

Кітаптың бесінші тарауында звено, отряд, дружина жыйындарын өткізудің әдістері айтылған. Мұны білудің вожатый үшін маңызы аса зор. Өйткені звено мен дружина жыйынын бір дәрежеде және бір тақырыпта өткізуге болмайды. Себебі дружинадағы барлық пионердің жас шамасы, ой-өрісі мен сана сезімі бір дәрежеде емес.

Кітаптың соңғы бөлімдерінде дружинадағы әскери-спорт жұмыстары жөнінде, балаларды пайдалы еңбекке баулу жайында және өлке тану саяхаттары туралы көптеген қызықты материалдар бар. Сонымен қатар бұл кітап жорықта жүргенде, ас пісіру, баспана жасау және жан-жақты бағдарлай білуді үйретеді.

«Пионер дружинасы» — ара пионер вожатыйлары, дружина, отряд советінің председателдері, звеновойлар және жалпы оқушы пионерлер үшін аса пайдалы кітап.

1. ТОҒЫЗ КІТАП

Середе тоғыз кітап тұр. Соларды орынды-орнына дұрыстап қойыңдар. Сонда сендер қазақ халқының бір атақты ақынының балаларға айтқан өсиетін және оның аты мен фамилиясын оқыйсыңдар.



2. ШАРАДАЛАР

I.

Бірінші буыны — зат есім,
Екінші буыны — есімшенің жұрнағы,
Екеуін қосып оқығанда, Европадағы
бір таудың аты шығады.

II.


Басқы екі буыны — мал баласы,
Үшінші буыны — табыс септік жалғауы,
Екеуін қосып оқығанда, сибирдегі
астықты дала.

Шараданы жіберген Садық АСАНОВ,
Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы Абай атындағы педучилище.


ЖАУАПТАР

1. «БЕС СЫЗЫҚ»

«Бес сызық» — деген жұмбақ-суреттің жауабы.




3. БЕС ҚОЛБАСШЫ



Жоғарыда көрсетілген дөңгелектердің ішіне бір-бір әріп қойыңдар. Соларға «У» әріпін қосып оқығанда, орыс халқының атақты бес қолбасшысының фамилиялары шығатын болсын.

4. СЫРЛЫ СУРЕТ



Балалар! Мына көріп отырған суреттерге әуелде таңданатын боларсыңдар. Бірақ бұл көрсетілген нәрселерді сендер күнде көріп жүрсіңдер. Бұлардың сыры — суретші тек оларды әдеттегі көріп жүрген қалыптан емес, екінші бір жағынан қарап салғандығында. Бұлар ненің суреттері? Соны ойлап табыңдар!

2. «ШАРАДА»

«Пионер» журналының 1948 жылғы № 10 санында басылған шарадалардың жауаптары:

1. Алтай, 2. Орал.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер Бақыт Бақыбаева (Жамбыл ауданы, Ақкөл 7 жылдық мектебі), Зант Каскеев (Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев станциясы, Орта мектеп), Билдахан Бапаев (Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәулдір ауданы, Жамбыл қазақ орта мектебі), Көптілеу Ниязбаев (Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Сталин атындағы қазақ орта мектебі), Жақыпжанов (Семей облысы, Жалғызтөбе станциясы 63 мектеп).

Балалар, түрлі есеп амалымен мынадай бір таңқырлық ойып үйренуге болады.

Жолдасыңа әр түрлі цифрдан құралған үш орынды сан ойлап жаз. Ол оны саған көрсетпесін. Ойлаған санын жазып болған соң:

— Ал енді сол санды керісінше орнын ауыстырып жаз, де сен оған. Айталық, ойлаған саны 125 болса, орнын ауыстырғанда 521 болады ғой. Осы екі санның көбінен азын алып таста, де. Бұдан кейін жолдасың қалдықтың орнын тағы ауыстырып жазып, соңғы екі санды бір-біріне қоссын. Сонда төрт орынды сан шығады. Сол төрт орынды санның алғашқы үшеуін соңғы цифрдан бөлек жазғыз. Бұдан кейін өзін стол үстінен бір кітап ал да, оның қолына бер. Алдындағы үш орынды сан осы кітап бетінің ретін көрсетеді, де, және оған сол бетті аштыр.

— Таптың ба? Тапсаң, маған көрсетпеуге тырыс. Енді бөліп тастаған төртінші цифрдың бар еді ғой. Осы сан қанша болса, сонша жолды кітаптың әлгі бетінен жоғарыдан төмен қарай сана. Енді болғаны.

Бұдан кейін жолдасыңа оның қай бетті ашқанын және неше жол санағанын айтасың. Және тапқан жолындағы сөзді, кітапты қолыңа алмай тұрып жатқа айтып бересің. Жолдасың сонда сенің тапқыштығына таң қалады.

Бұл ойынның сырын ашпай тұрып, мынаны айту керек. Ең алдымен жолдасыңнан алғашқы амалда бір саннан екінші санды алып тастағаннан кейін неше орынды сан қалғанын сұра. Егер ол алып тастағаннан қалғаны екі орынды сан десе, сен қасына ноль қосып жазғыз. Әрине, ол қасына ноль қосылған санның қандай сан екені саған айтылмауы керек. Бұлай істеудің не үшін керек екенін ойынның сырын білгеннен кейін түсінесің.

Ойынды жасау үшін, оны көрсеткенге шейін, кітаптың 108-бетін ашып, ешкімге сездірмей жоғарыдан төмен қарай санағанда 9-жолды оқып, жаттап алуың керек. Ойынның ең хажеттісінің өзі осы.

Алдымен ойынды өзін жасап көрсонда оның тетігі неде екенін түсінесің. Мысалы: ойланған сан 127 делік. Оның орнын ауыстырсақ 721 болады. Көбінен азын алып тастасақ: $721 - 127 = 594$. Бұл шығындың орнын ауыстырсақ — 495, а соңғы екеуін қоссақ: $594 + 495 = 1089$ болады. Жолдасың қандай сан ойласа да, әрқашан осы сан шығады. Сондықтан сен ешқашан қателеспесің. Ал, егер алғашқы амалда екі орынды сан қалса, қасына неге ноль қосатыны енді түсінікті болуға тиіс. Ейтбесе, ойын ойлағандай шықпай қалады.

БАГАБЫ 2 сом

31.12.48г.
Гос. Центральной Книжная палата



